

А. С. Кунанбаева, Ш. Т. Бектасов, И. Г. Плачинта,
А. К. Ахетова, Н. А. Ахат

ӨЛКЕТАНУ

Ақмола облысы

Жалпы білім беретін мектептің
7-сынып оқушыларына арналған

ОҚУЛЫҚ

III бөлім



Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі ұсынған



KELESHEK
2030
КӨКШЕТАУ

ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 63.3(5Қаз)я72
Ө-37

Ө-37 **Өлкегану. Ақмола облысы:** жалпы білім беретін мектептің 7-сынып оқушыларына арналған оқулық. III бөлім + CD / А. С. Қунанбаева, Ш. Т. Бектасов, И. Г. Плачинта, А. К. Ахетова, Н. А. Ахат. – Көкшетау: Келешек-2030 баспасы, 2020. – 96 б.

ISBN 978-601-317-382-5

Оқулықтың электрондық нұсқасы: http://keleshek-2030.kz/books/kraev_7kz.php

ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 63.3(5Қаз)я72

Шартты белгілер



– сұрақтар



– зерттеу



– ізденіс жұмысы



– жеке жұмыс



– топтық жұмыс



– ойланып жауап бер



– компьютермен жұмыс



– электрондық материал

ISBN 978-601-317-382-5
ISBN 978-601-317-377-1

© ИП Келешек-2030 баспасы, 2020

Мазмұны

Алғы сөз	6
Ақмола облысының физикалық картасы	7
Қазақстан тарихы	8
§ 1. Туристік маршруттар	8
§ 2. Жомарт жүрек.....	14
§ 3. Туған өлкенің жылнамасы	22
§ 4. Менің мектебімнің тарихы	30
Қазақ әдебиеті	36
§ 5. Туған өлке публицистика беттерінде	36
§ 6. «Менің туған өлкем» электрондық энциклопедиясы	40
География	48
§ 7. Туған өлкенің флорасы мен фаунасы.....	48
§ 8. Туған өлкемнің визит карточкасы: өлкетанудың деректер базасын әзірлеу	54
Хрестоматия	58
Сейітжан Омаров	59
Абай сөзі	59
Жұмағали Саин	64
Маған күш бер	64
Аққу әні.....	64
Естай Мырзахметов	65
Мұхамет пен Құраш.....	65
Кәкімбек Салықов	69
Көкшетау.....	69
Сәкен Жүнісов	70
Сонарда	70
Сақау бәтеңке	74

Жанайдар Мусин	77
Жер шоктығы Көкшетау.....	77
Амантай Ахетов	80
Колыбель народа.....	80
Бахытжан Канапьянов	81
Медео.....	81
Вечер	82
Медный всадник.....	82
Туған өлке публицистика беттерінде	83
Арқаның әншілік дәстүрі: асыл өнердің арқауы үзілмесін.....	83
Зеренді.....	86
Қорғалжын	87
Аға мен іні	88
Қыран самғауы	91
Жер төресі, жыр еркесі	93
Қосымша әдебиеттер тізімі	95



**Қазақстан Республикасының Президенті
Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев**

АЛҒЫ СӨЗ

Құрметті балалар!

Екі жыл бойы Ақмола облысы бойынша өлкетану пәнін оқып жатырсыңдар. Туған өлкені, оның тарихын, мәдени мұрасын, халқы мен табиғатының ерекшелігін зерделеу әрбір адамға қажет. Өйткені әркім өз Отанының патриоты, белсенді азаматы болуы керек. Бұл – табиғатты, тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау, бір-біріңе түсіністікпен, қайырымдылықпен қарау деген сөз.

Қазақстан азаматтарының алдына осы міндеттерді Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы қойып отыр. Оның басты мақсаты – мәдени, рухани құндылықтарды сақтап, көбейту және келер ұрпаққа жеткізу. Бұл – қоғамдық сананы жаңғыртудың ажырамас шарты.

Өлкетанудың мектептегі курсы бұл міндеттерді жүзеге асыруға бағытталған. Алдымыздағы оқу жылында 5–6-сыныптарда екі жыл бойы игерген барлық білік-дағдыларың қажет болады. Тарих, қазақ әдебиеті пәндерінен өткізілген өлкетану сабақтарының қатарына география пәні қосылады.

7-сынып оқулығында облысымыз аумағындағы туристік маршруттар, өлкеміздің өсімдіктер мен жануарлар әлемі туралы баяндалады. Пәнді оқу барысында өздеріңді нағыз зерттеуші және өлкетанушыдай сезінетін боласыңдар. Зерттеу жұмыстарын жүргізіп, сараптама жасайсыңдар, деректер базасын құрасыңдар. Өздік жұмыс ретінде туған өлкенің визит карточкасын жасап, мектептеріңнің тарихын зерттейсіңдер, Ақмола облысының электрондық экспедициясын толықтырасыңдар.

Өлкенің көне заманнан қазіргі кезеңге дейінгі тарихы туралы өз білімдеріңді жетілдіресіңдер. Қазақ халқының ежелден бастау алып, қазір де жалғасып келе жатқан ізгі дәстүрлері туралы біліп, публицист кәсібі мен облысымыздағы БАҚ қызметкерлерімен танысасыңдар. Эссе жанрында қалам тартып көресіңдер.

Оқулықта, өлкетану сабақтарыңда сендерді қызыққа толы сәттер күтіп тұр. Игерген білімдерің туған өлкелерің туралы терең біліп, Отанымыздың нағыз патриоты болуға көмектеседі деп сенеміз.

Авторлар

ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ

§ 1. Туристік маршруттар



1. Өз аймақтарыңдағы қандай тарих және мәдениет ескерткіштерін білесіңдер?

2. Туған өлке табиғатының қандай көрікті жерлері сендерге мәлім?



Қай аймақта болмасын табиғат пен мәдениет мұрасының ерекше, сан алуан нысандары кездеседі. Ақмола облысының бірегей ерекшелігін орман-шоқылары, жазық далалары, өзен-көлдері, сарқырамаларынан, сондай-ақ түрлі тарихи ескерткіштер мен халық аңыздарынан көруге болады. Қазақстанның түпкір-түпкірінен және алыс-жақын шетелдерден осы таңғажайып табиғат ескерткіштерін көріп, халық аңыздарын есту үшін сандаған туристер келеді.

Қазақстандықтар мен шетелдік қонақтарға еліміздің таңдаулы жерлерін көрсету үшін туристік маршруттар жасалады.

Туристік маршруттар танымдық мақсатта немесе демалыс үшін құрылуы мүмкін. Танымдық мақсаттағы туристік маршруттар жақын орналасқан табиғат нысандары мен тарихи-мәдени ескерткіштерді біріктіреді.

Туристік маршрут – адамдардың денсаулығы мен күшін қалпына келтіруді және демалысын ұйымдастыруды жүзеге асыру мақсатында картадағы жергілікті мекендерді, табиғи, қоғамдық және мәдени көрікті орындарды байланыстыратын бағыт сызығы.

Нысандар арасында жаяу, велосипедпен, салт атты, түйемен, тіпті көлікпен қатынауға болады. Қатынас тәсілі туристік маршруттың ұзақтығына қарай таңдалады. Саяхат барысында туристер табиғат және өлке тарихы туралы ғана біліп қоймай, халық ауыз әдебиетіндегі аңыз-әңгімелермен де танысады. Облысымызда «Қазақстанның көркі – Бурабай» (Бурабай ауданы), «Жас астана», «Бурабай аңыздары», «Уақыттар байланысы» және «Қорғалжын» экологиялық, туристік маршруттары құрылған.



Баубек Батыр кесенесі.
Жамбыл ауданы



Көкшетау қыратының
жартастары

Көрікті орын – әйгілі, бағалы және көз тартымды, өзіне назар аудартатын орын, зат немесе нысан.



Нұра өзеніндегі рафтинг

Ірі қалалардың тұрғындары белсенді демалысқа арналған туристік маршруттарға қызығушылықты көбірек танытады. Бұндай маршруттар көрікті жерлерді қамтиды. Туристер жаяу немесе салт атты саяхаттайды. Біздің облысымызда жазық далалар басым болғандықтан, қыраттарда өскен ормандар өзен-көлдермен үйлесіп, нағыз демалыс орындары ретінде қызықтырады. Бұндай туристік маршрутта табиғатты бақылау орындары

болуы мүмкін. Бұл орындарды *бердвочерлер* де қолданады.

Щучье-Бурабай курортты аймағында альпинист жабдығының көмегімен шындарға көтерілу енгізілген туристік бағыттар бар. Облыста «Нұра өзені бойындағы рафтинг» (Қорғалжын ауданы) ресми туристік маршруты бар. Демалысқа арналған туристік бағыттарды демалушылардың өздері де әзірлей алады.

Рафтинг – өзендер мен каналдарда арнайы қайықпен (рафт) жүзу спорты.

Бердвочерлер – құстардың өмірін бақылап, мекен ететін орындарын сақтау шараларына қатысатын адамдар.

Туризм экономиканың маңызды кірісті секторларының бірі екенін білесіңдер ме? Біздің облысымызда туризмді дамытуда Бурабай ауданы көш бастап тұр, оның кірісі жақын маңдағы аудандарға қарағанда 10–12 есе артық!

Туристік бағытты әзірлеу үшін демалысқа сай барлық нысандар туралы мәлімет жинап алу керек. Туристік маршрутты әзірлеу бірнеше кезеңнен тұрады:

1) алдымен туристік маршруттың мақсаты анықталады – тарихи-мәдени және табиғат ескерткіштерін танып-білу немесе демалыс;

2) көрікті жерлер туралы мәтін және фотосурет түріндегі мәліметтер жиналады;

3) көрікті жерлер карта бетінде нүктемен белгіленеді;

4) нүктелер арасын қосқанда, бағыттың басталар және аяқталар орны ірі елді мекенге (Көкшетау немесе аудан орталығы) тірелу қажеттігі ескеріледі.

Туристік маршрутты әзірлеу ба-рысында саяхатшылардың жолында кездесетін өзен-көлдер, таулар, ормандар, сарқырамалар, ескерткіштер және т. б. сипатталады.

Мысал ретінде Қорғалжын ауданының көрікті жерлері бойынша танымдық туризм бағытының әзір-лемесін қарастырайық. Аталмыш аудан тек қорығы және көптеген көлдерімен ғана емес, сондай-ақ та-рихи ескерткіштерімен де танылған. Алдымен туристік маршруттың мақсатын анықтаймыз – Қорғалжын ауданының тарихи ескерткіштері және табиғатымен танысу. Екінші кезекте аудан туралы мәлімет жи-нау. Ол үшін фотосуреттерді, соның ішінде ғаламтор желісінен алынған суреттерді, өлкетану музейлері мен облыс туралы энциклопедиялардан алынған анықтамалық ақпаратты қолдануға болады.

Облыстық тарихи-өлкетану музе-йінен көптеген ескерткіштердің фо-тосуреттерін алуға болады. Олар-дың арасынан бір-біріне жақын орналасқан нысандардың фотосурет-тері таңдалады.

Үшінші кезекте аудан немесе об-лыстың картасын таңдау керек. Кар-тада өзен-көлдер, елді мекендер және жолдар жүйесі белгіленуі керек.

Картаға ескерткіштердің, табиғат нысандарының орналасқан нүкте-лерін түсіру қажет.



Қорғалжын қорығының орнитофаунасы

Қорғалжын қорығы құстардың алуан түрлілігімен ерекшеленеді. Қорық аумағында құстардың 354 түрі мекендейді. Олардың қырық бірі ҚР Қызыл кітабына енгізілген.



Қаныкей мазары.
Қорғалжын ауданы




Ақ Еділ кожа мазары.
Қорғалжын ауданы



Алыптомар мазары.
Қорғалжын ауданы

Соңғы кезекте картаға туристік маршруттың жолы түсіріледі. Жол өзендер мен көлдерді басып өтуі мүмкін. Бұл кезеңде тек маршруттың өзін ғана емес, қозғалатын көлік түрін де таңдау қажет. Бұл жағдайда автокөлік ұсынылады, өйткені бір нүкте мен екінші нүкте аралығы 10 километрден астам. Басқа жағдайларда су көлігін, көрікті жерлер болғанда көлік арбаны қолдануға немесе жаяу жүруге болады.




Туристік бағыттардың жоспарлануы



1. Берілген мысал, фотосуреттер мен карта негізінде «Көкшетаудың тарихи табиғи ескерткіштері» туристік маршрутын жасаңдар.

2. «Табиғаттағы демалыс түрі» схемасын толықтырыңдар.



№ 1 тапсырмаға арналған карта



«Табиғаттағы демалыс түрі» схемасы



1. *Туризм* түсінігі нені білдіреді?
2. Ақмола облысындағы қандай туристік маршруттарды атауға болады?




Біржан сал зиратындағы ескерткіш.
Степняк қ.

§ 2. Жомарт жүрек



«Қайырымдылық» сөзін қалай түсінесіңдер? «Меценат» сөзі таныс па?



Меценат деп қайырымдылықпен айналысып, ғылым мен өнерге материалдық тұрғыдан көмек көрсететін адамдарды атайды. Тарихтағы алғашқы меценат ежелгі Рим патрициі Гай Цильний Меценат болған.

Қайырымдылық ұғымы білімін, уақыты мен қаражатын өзге адамдарға көмек көрсету үшін жұмылдыру деп түсініледі. Жануарлар үйінде тегін жұмыс жасау немесе волонтерлік, ақшалай демеушілік, үй-күйсіз жүргендерге тамақ беру – мұның барлығы көмекке мұқтаж жандарға жәрдемдесудің ең қарапайым жолдары болып табылады.

Қазақ халқының дәстүрлерінде қайырымдылыққа ерекше мән беріледі. Ата-бабамыздың санасында мыңдаған жылдардан бері сақталып келген «жақынына жақсылық жасау» ұғымы бүгінде әрбір қазақтың рухани борышына айналған.

Халқымыз әлеуметтік тұрғыдан әлсіз жандарға ерекше көңіл бөледі. Қазақ халқының қайырымдылыққа арналған ерекше дәстүрі – **жылу жинау**. Егер ауылдастары немесе туысқандары қиындыққа тап болса, оған ауыл адамдары бірігіп материалдық көмек көрсетеді. Мысалы, су тасқыны, өрт, жер сілкінісі, ауыр дерт немесе басқа да төтенше жағдайлар әсерінен туындаған мәселені басына іс түскен адам өздігінен шеше алмаса, оған қоғам болып көмек көрсетіледі. Зардап шеккен отбасына мал-мүлік, киім, түрлі жабдықтар тарту ету арқылы қол ұшы беріледі.

Қазақ халқының әрбір салт-дәстүрінде кез келген адамның, қоғам мүшесінің тіршіліктегі әр сәті ескерілген. Әсіресе әлеуметтік тұрғыдан әлсіз адамдар мүддесі назардан тыс қалмайды. Мәселен, жетім-жесірлер мен аз қамтылған от-

басыларға үнемі көмек көрсетіліп тұрады. Олардың бірі «*ат майы*» деп аталады.

Мінерге аты жоқ адам ауқатты, жылқысы бар адамнан, көршісі немесе туысқанынан ат майын сұрайды, яғни атын мінуге сұрап алады.

Қайырымдылықтың енді бір түрі – *қызыл көтерү*. Мұнда тұрмыс жағдайы нашарлаған адамдарға азық-түлік, әсіресе ет, беру арқылы көмек көрсетіледі. Жұртшылық немесе ағайыншылық салты бойынша әрбір ру мүшесіне бір-біріне қарыз, құн төлеу, қалың немесе жасау беруде көмек көрсету міндеті жүктелген. Әл-ауқатына қарай көмек көрсетілетін сома көпшілік арасында бөлініп алынатын болған.

Бел көтерер – қарт адамдарды тамақтандыру салты. Қарттар үшін қазы, жент, қымыз, ірімшік сынды тәтті әрі жұмсақ тағамдар дайындалады. Бұл дәстүр балалары мен жақын туысқандарына, кейде көршілеріне де міндеттеледі. Бел көтерер салты – қарттарға қамқорлық көрсетудің бір үлгісі.

Қайырымдылық дәстүрлерін қазақтың алғашқы өнеркәсіпшілері де ұстанған. Меценаттар көбіне жұмысы табысты кәсіпкерлер болған. Олар зауыттар мен фабрикаларды дамытып, өндірістің жаңа салаларын тудырды. Сол арқылы өз қаражаттарынан ғылым, әдебиет пен өнер қайраткерлеріне материалдық қолдау көрсетіп, білім беру, ағарту, ғылым мен өнердің дамуына белсенді қолдау көрсетті.



Суретте қандай дәстүр бейнеленген? Қазақ халқының тағы қандай қайырымдылық дәстүрлерін білесіңдер? Топтық хабарлама дайындандар. Ақпаратты сыныптастарыңмен бөлісіңдер.



Қайырымдылық сөзінің синонимдері бар. Оларды атаңдар.

1739 жылы филантроп Томас Корам негізін қалаған тастанды балаларға арналған балалар үйі ең алғашқы қайырымдылық ұйымы болып саналады. 1954 жылға дейін қызмет еткен бұл ұйым 25 мың баланы қамқорлығына алып, тәрбиелеген.



Баймұхамет Қосшығұлұлы



Б. Қосшығұлұлының
кәмпит фабрикасы

1898 жылы Ақмола өңірінің кәсіпкер-меценаттары бастауыш білім беруді қолдау қоғамын құрды.

Баймұхамет Қосшығұлұлы – алғашқы гильдиялық саудагер. І гильдия саудагерлері фабрикалар мен зауыттар иеленіп, шетелде саудамен айналыса алған. Б. Қосшығұлұлы Ақмолада кәмпит-тоқаш фабрикасын және екі корпуста тұратын «Керуен сарай» сауда орталығын иеленген.

Б. Қосшығұлұлы өз қаражатынан халыққа арнап кітап дүкені мен Ақмоладағы алғашқы қазақ-мұсылман мектебін ашқан, сонымен бірге мұғалімдердің жалақысы мен оқушылардың шәкіртақысын төлеуді де өз мойнына алған.

Тағы бір меценат **Нүркен Забиров** 1895 жылы өз қаражатынан Ақмола қаласында мешіт тұрғызған. Сонымен қатар ол 1915 жылы қамқорлықсыз қалған балаларға арнап алғашқы балалар үйін ашқан.

Халық тарихында қайырымдылық оның мәдениеті мен тарихи мұрасы арқылы орныққандықтан, бұл игі дәстүр ұрпақтан ұрпаққа жетіп, өз жалғастығын тапқан.

Қазақстанда қайырымдылық шаралары 2015 жылы қабылданған «Қайырымдылық туралы» ҚР заңымен реттеледі.

Қайырымдылық шараларының басты мақсаты – қоғамдағы рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру, сақтау және бекіту арқылы оны дамытуға үлес қосу.

Қайырымдылық еріктілік пен жариялылық, тең құқықтық, заңдылық принциптеріне негізделеді.



Демеуші сөзін жиі естисіңдер ме? Демеушілік жасау қайырымдылыққа жата ма?

Қайырымдылық шараларына, іс-әрекетіне **демеушілік қызмет, меценаттық, филантропия, волонтерлік қызмет** жатады.

Қазақстан Республикасының «Қайырымдылық туралы» заңында **демеуші** деп «атын көпшілікке танымал ету шарттарымен қайырымдылық көмек көрсету жөнінде де-меушілік қызмет атқаратын тұлға» аталады.

Меценат – мәдениет пен өнер, ғылым-білім, спорттың дамуына және қоғам мен мемлекеттің этномәдени және тарихи құндылықтарын сақтауға ерікті түрде көмек көрсетуші, қайырымдылық жасаушы тұлға.

Филантропия – қоғам мен жеке адамның мұқтаждықтарын өтеуге, тұрмыс жағдайын жақсарту мақсатында өз қаражатынан үлес беруге негізделген шара.

Қайырымдылық волонтері – арнайы білім-білігі, қабілеті мен тәжірибесін, жеке таныстарын қайырымдылық шарасына жұмылдырып, атсалысатын тұлға.

Коммерциялық емес қайырымдылық ұйымдары – мұқтаж жандарға көмек көрсетуді мақсат еткен ұйым. Коммерциялық емес ұйымдар ақша табуды көздемейді.

Қайырымдылық қоры – коммерциялық ұйымдардан алынған қаражат пен ресурстарды көмекке мұқтаж адамдарға немесе коммерциялық емес ұйымдарға тарататын мекеме. Коммерциялық емес ұйымдар қаражатты көмек қажет болған адамдарға жұмсайды.



Кімге, қандай көмек көрсете алар едіңдер:

- қария, жетім, кемтар адамдарға;
- балалар үйіне;
- үйсіз жануарларға;
- табиғат апаттарынан зардап шеккендерге және т. б. Ойланyp жауап берiңдер.



Меценаттардың іс-шаралары қоғамға пайдалы ма?

Де-меушінің меценаттан қандай айырмашылығы бар?



«Ашық Жүрек – Открытое Сердце» қайырымдылық қорының құлағының мүкісі бар балаларды қолдау үшін ұйымдастырған «Мен бұл әлемді естігім келеді» атты қайырымдылық акциясы.

Көкшетау қ.



ЖТМ волонтерлері
ұйымдастырған іс-шара



Волонтер деген кімдер?
Өз сөздеріңмен түсіндіріңдер.



Ақмола облысының волонтерлері
ЭКСПО-2017 көрмесінде



Т. Ә. Уәлиев атындағы мектепте
(Жақсы а.) Қазақстан
чемпионаттары өткізіледі

Барлық көмек түрлері меценаттар мен демеушілерден келеді. Жиналған қаражаттың 80 %-дан кем емес бөлігі қайырымдылыққа жұмсалады.

Әлемде волонтерлік институттар кең таралған. Қайырымдылықты өз еркімен жасаушылардың саны да жылдан-жылға өсіп келеді. Бұл қозғалыс АҚШ-та коммерциялық емес ұйымдарға көмек көрсету мақсатында XIX ғасырда пайда болған. Кей деректер бойынша, АҚШ халқының 50 %-ы қайырымдылықпен айналысады екен. Олардың көбі ауруханалар мен діни мекемелерде, оқу орындарында жұмыс жасайтын көрінеді.

Қазақстанда волонтерлікпен айналысу 1993 жылдан бастап дами бастады. Себебі бұл тұста «БҰҰ еріктілері» бағдарламасы жасалған болатын.

Соңғы жылдары волонтерлер VII қысқы Азия ойындары, ЭКСПО-2017 сынды өзге де маңызды іс-шараларды ұйымдастыруға кеңінен тартыла бастады. Бұл өз кезегінде қазақстандық волонтерлер мәртебесін көтеруге оң ықпалын тигізді.

Ақмола облысында да волонтерлер жұмыс жасайды. Мәселен, Көкшетау қаласында ЖТМ колледжі, Степногорск қаласында «Женский луч» қоғамдық бірлестігі волонтерлікпен шұғылданады.

Кәсіпкер **Батырбек Уәлиев** өз қаражатынан Жақсы ауданының жүздеген балалары жаттыға алатындай Жақсы ауылында спорттың 5 түрінен спорт мектебін ашқан.

Бұл мектептен 2016 жылдың бокстан әлем чемпионы Дина Жоламанова, 2015 жылдың жастар арасындағы грек-рим күресінен Азия чемпионы Дастан Зарлыханов, бокстан Қазақстан чемпиондары Кристина Мурашова, Азия Айтжанова тәлім алып шыққан.

Жас спортшыларды қолдау үшін кәсіпкер **Оралбай Глашев** өз қаражатынан Егіндікөл ауданының Полтавское ауылында стадион мен мәдени-демалыс кешенін салған. Стадионда 150 орындық трибуна орнатылған және жан-жағы қоршалған. Онда жаздық волейбол алаңы, футбол алаңы бар. Стадион ішінде екі қабатты ғимарат тұрғызылған: бірінші қабатта – киім ілетін орын, екіншісінде жабық трибуна орналасқан.

Сонымен қатар О.Глашев салдырған мәдени-демалыс кешенінде қысқы уақытта да жаттығуға болады. Ғимаратта спорт залымен қоса концерт және жаттығу залдары, кітапхана бар.

Иван Сауэр басқаратын **«Родина» агрофирмасы** тұрмыс жағдайы төмен отбасылардың балаларын тегін оқытуға жағдай жасап, балалар алаңдары мен жаттығу кешендерін салды, балабақшалар мен мектептерде балаларды тегін тамақтандыру жұмыстарын ұйымдастырды. Агрофирма басшыларының бастауымен Родина ауылдық округінің жолдарын жөндеуге және сегіз тұрғын үй құрылысын салуға қаражат бөлінді. Агрофирма өңірде спорт түрлерін дамытуға аса көңіл бөледі. 2015



Түрлі ақпарат көздерін пайдаланып, Ақмола облысындағы қайырымдылық шараларына мысал келтіріңдер. Қайырымдылық шарасының ерекшелігін айқындап көріңдер.



Оралбай Глашевтың қаражатына салынған стадион



«Родина» ЖШС агрофирмасы қаржыландыруымен салынған дәрігерлік амбулатория ғимараты



Қабылбаевтар жанұясы



Қайырымдылық туралы эссе жазыңдар. Бұл сөздің мәнін ашуға тырысыңдар.



«Алтын Жүрек» марапатының мүсіні

Қазақстан аумағында қайырымдылық шаралары мен жобаларын ұйымдастыруға үлес қосқандарды «Алтын Жүрек» ұлттық сыйлығымен марапаттау шарасы өткізіледі.

Әр жылдары М. Қабылбаев, «Родина» ЖШС, «Altyntau Resources» акционерлік қоғамы аталған сыйлықтың лауреаттары мен номинаттары атанған.

жылы ауыл балалары әлі де жаттығу жасайтын хоккей залы салынды.

Бурабай ауданының тұрғыны **Мұрат Қабылбаев** – он бір баланың әкесі. Оның оны – асыранды. Мұрат балалар үйінен ешкім асырап алғысы келмеген немесе ересек балаларды, аға-бауырлары бар балаларды өз қамқорлығына алып, бұл балалардың да отбасы жылуын сезінуге хақылары барын дәлелдеді.

«**Altyntau Resources**» акционерлік қоғамы 2012 жылы өз қаражатына «Алтын бала» балабақшасы ғимаратын қалпына келтірді. Ол он екі топқа бөлінетін, үш жүз жиырма балаға шақталған. Жаңа балабақша ғимараты 2 қабаттан тұрады. Ойын бөлмелерімен қатар мұнда медициналық бөлме, асхана, музыка және спорт залдары бар.

«Заречный» ЖШС-нің директоры **Уәлихан Әріпов** қайырымдылық шаралары үшін уақыты мен қаражатын еш уақытта аямайды. У. Әріпов бұл іске қомақты қаражат бөледі. «Заречный» ЖШС соңғы үш жылда әлеуметтік салаларға 180 млн теңгеден астам қаражат бөлген.

Қайырымдылық қорлары көмекке мұқтаж салаларға елеулі көмек көрсетеді. Мәселен, «**Асыл Мирас**» қайырымдылық қоры Ақмола облысы әкімдігінің қолдауымен жыл сайын веложарыс ұйымдастырады. Дәстүрлі түрде веложарысты ҚР еңбек сіңірген спорт шебері Александр Винокуров бастайды. 2016 жылы веложарыс барысында жиналған қаражатқа Ақмола облыстық балалар

ауруханасына бағалы медициналық құрылғы сатып алынды.

2013 жылы ауыр дертке шалдыққан балаларға көмек көрсету үшін **«Біз біргеміз!» – «Мы вместе!» атты қайырымдылық қоры** құрылды.

Осы уақытқа дейін қор шетелде ем қабылдауы қажет болған ондаған балаға көмек көрсетті.

Қорға ЖОО, колледж бен училище студенттері арасынан волонтерлер көмек көрсетеді.



Charity Tour de Burabay – 2017
веложарысы



«Біз біргеміз!» – «Мы вместе!»
қайырымдылық қоры ұйымдастырған шара



1. Сабақта жаңадан не білдіңдер?
2. Күнделікті өмірде кездесетін қандай қайырымдылық іс-шараларын атай аласыңдар?
3. Қайырымдылықтың қоғамдағы маңызы қандай?

§ 3. Туған өлкенің жылнамасы



Палеолит дәуірінің Вишневка тұрағын зерттеу кезінде табылған тас құралдары. Ақмола облыстық тарихи-өлкетану музейі



5-сыныпта тарих сабағында өткен тас ғасырын кезеңдерге бөлуді еске түсіріңдер. Әрбір кезеңге анықтама беріп, оның ерекшеліктерін атаңдар.

Ақмола облысы – тарихы бай, өзіндік этномәдени мұрасы бар аймақ. Бұл өлкені адамдар тас дәуірінде-ақ игере бастаған. Бұған ғылыми зерттеулер мен археологиялық ескерткіштер куә бола алады.

Ақмола облысы аумағындағы тас ғасырының кезеңдері

Палеолит (б. д. д. 2,6 млн – 12 мың жылдар аралығы)
Ақтас (Зеренді ауданы) және Вишневка (Аршалы ауданы) тұрақтары

Мезолит (б. д. д. 12–6 мың жылдар)
Куропаткино (Зеренді ауданы) және Тельман IX, XIV (Атбасар ауданы) тұрақтары

Неолит (б. д. д. 6–4 мың жылдар аралығы)
Кеңөткел VIII (Зеренді ауданы) және Тельман X, XI (Атбасар ауданы) тұрақтары

Энеолит (б. д. д. 3–2 мың жылдар аралығы)
Красный Яр, Васильковка IV (Зеренді ауданы) қоныстары

Энеолит (б. д. д. III мыңжылдық – II мыңжылдықтың басы). Бұл кезде Солтүстік Қазақстанның далалы аймағын ботай мәдениетін ұстанған тайпалар мекендеген. Ақмола облысында Красный Яр (Көкшетау қ. маңы), Васильковка қоныстары (Зеренді ауданы) табылды.



Ботай мәдениеті тұрғынжайының
реконструкциясы



Әртүрлі деректерді қолдана отырып, ботайлықтар ашқан жаңалықтарды атандар, олардың маңызын анықтаңдар.


Этнос – тілі, мәдениеті, өмір салты ортақ, белгілі бір аймақта ұзақ уақыт бірге мекен еткен адамдар тобы.

Этномәдениет – этностың ерекшеліктері, құндылықтар жүйесі.

Қола дәуірі. Еуразияның далалы аймақтарында б. д. д. XVII ғасырдан бастап Андронов тарихи-мәдени қауымдастығы қалыптасып, дами бастады.

Бристоль (Ұлыбритания) университетінің биогеохимия профессоры Ричард Эвершедтің айтуынша, көне ыдыстарды талдау нәтижесі ботайлықтардың қымызды қазіргі күні қазақтар дайындайтын әдіспен жасағанын көрсеткен.

Ақмола облысы территориясындағы қола дәуірінің кезеңдері



Қола дәуірінің Павловка қонысын зерттеу кезінде табылған қыш ыдыс.

Ақмола облыстық тарихи-өлкетану музейі

**Ақмола облысы территориясындағы алғашқы
темір дәуірінің кезеңдері
б. д. д. VIII ғ. – б. д. IV ғ.**

Сак кезеңі
б. д. д. VIII ғ. – б. д. д. II ғ.



Қазба кезінде табылған заттар.
Ақмола облыстық
тарихи-өлкетану музейі

Ғұн-сармат кезеңі
б. д. д. II ғ. – б. д. IV ғ.

Қазіргі уақытқа дейін Солтүстік Қазақстанда алғашқы темір дәуірінің 200-ден астам қорымдары зерттелген. Олардың 150-і кешенді ескерткіштер болып табылады.

Орта ғасырлар. VI–VII ғғ. Ақмола өңірі Түрік, кейін Батыс Түрік қағанатының құрамына кірді.

XI–XII ғғ. бастап қыпшақ тайпалары Есіл өзенінің аңғарында кеңінен қоныстана бастады.

XV ғ. 60-жылдары Әбілхайыр хандығы ыдыраған соң құрамына қазақ рулары енген Қазақ, Сібір, Ноғай (Маңғыт) мемлекеттері қалыптасты. Сібір хандығының иеліктері Нұра өзенінің теріскей жақтарына, Есіл өзенінің аңғарына дейін созылды. 1563 жылы Сібір хандығына билікке келген Көшім хан ордасын Қорғалжын көлінің жағасына орнықтырған. Осы тұста оның Қазақ хандығымен арақатынасы шиеленісе түскен.

XVIII ғ. Әбілхайыр, Абылай хандардың көшбасшылығымен жоңғар шапқыншылығына қарсы Бөгенбай, Қабанбай және басқа да батырлар ерлікпен күрескен.

XIX ғасырдың 20-жылдары Ресей империясы қазақ жерін отарлады күшейтті. Осыған байланысты Көкшетау, Ақмола, Атбасар және



Ортағасырлық жауынгер әйелдің қалпына келтірілген келбеті, Бозок қаласы. Ақмола облыстық тарихи-өлкетану музейі

басқа да бекіністер мен казак станицалары пайда болып, кейін олар қалаларға айналды.

1824 ж. Көкшетау округтік приказы ашылды. 1827 ж. приказ қонысы Қоппа көлінің оң жағалауына түпкілікті орнықты. Көкшетау казак станицасы өз атауын Көкшетау тауынан алады. 1830 ж. Ақмола бекінісінің негізі қаланды.

1868 ж. 21 қазанда Ақмола облысы құрылды. Оның құрамына Ақмола, Көкшетау, Петропавл, Омбы, Сарысу (1878 жылдан бастап Атбасар) уездері енді.

Ресейдегі басыбайлылық құқықтың жойылуы XIX ғ. 2-жартысы – XX ғ. басында орыс шаруаларының Солтүстік Қазақстанға жаппай көшуіне себеп болды. Ақмола облысы халқының саны жылдам өсіп, XX ғ. басында миллионнан асты.

Осы кезеңде Ресей империясында әлеуметтік-экономикалық қайшылықтар шиеленісе түсті. Дағдарыс Ақпан революциясына себеп болды. 1917 жылдың сәуір-мамырында облыста жұмысшы, шаруа және солдат депутаттарының Кеңестері құрылды.

Осы уақытта Омбы қаласында Ақмола облысы қазақтарының съезі өтті. Мұнда Ақмола облысының Қазақ атқару комитеті құрылып, төрағасы ретінде Айдархан Тұрлыбаев, орынбасарлары – Әділбек Сейітов пен Сейілбек Жанайдаров, мүшелері Е. Мұқышев, Е. Токпаев, М. Жұмабаев және т. б. тағайындалған. Кейін бұл комитет мүшелерінің көбі Ақмола облысының Алашорда комитетінің құрамына кірген. Алаш қозғалысының басты мақсаты казак

Орта жүздің соңғы ханы Абылай ханның ұлы Уәли болды. Ол 1781–1820 жылдар аралығында билік құрды. Хан дүние салған соң патша үкіметі хан билігін жойған әкімшілік реформа жүргізді.



Революция жылдарындағы Көкшетау



Айдархан Тұрлыбаев (1877–1937) – саяси қайраткер, Алаш қозғалысы көшбасшыларының бірі



Сейілбек Жанайдаров
(1884–1929) – саяси қайраткер,
Алашорда үкіметінің
мүшелігіне кандидат



Қошмұхамет (Қошке) Кеменгеров
(1896–1937) – қоғам қайраткері,
Алаш қозғалысының мүшесі

халқының тағдыры, тұтас қазақ мемлекеті – Алаш автономиясын құру болды.

Кеңес үкіметі кезеңі. Ақмола облысында Кеңес үкіметі 1918 жылдың қаңтар айына қарай бейбіт жолмен орнады, бірақ азамат соғысы барысында құлаған болатын.

Аталған кезеңде Ақмола облысы құрамына кірген Сібірдегі билікті Уақытша Сібір үкіметінің атынан контрреволюциялық күштер иеленген.

Контрреволюция үкіметі Алашорданың билігін шектеу үшін қолдарынан келген барлық іс-әрекеттерді жасаған, тіпті жекелеген Алашорда басшыларын репрессиялауға дейін барған.

1919 жылдың соңында Ақмола облысы ақтар мен қызылдар (большевиктер) арасындағы азамат соғысының алаңына айналды. 1919 жылдың желтоқсанында Ақмола облысының барлық қалаларында большевиктер билігі орнады.

Билікке келген большевиктер Алашорда автономиясын таратып, кешірім жасалғанына қарамастан, оның барлық жетекшілерін 30-жылдары жазықсыз жазаға тартты.

1920 ж. 20 тамызында РКФСР құрамында Қырғыз (Қазақ) АКСР-і құрылды, 1921 ж. 25 сәуірде Петропавл қ. орталығы болған Ақмола губерниясы құрылды. Оның құрамына Петропавл, Атбасар, Ақмола, Көкшетау және Черлак уездері кіргізілді.

1928 жылдың 17 қаңтарында орталығы Ақмола қаласында орналасқан Ақмола округі ашылды, оның

құрамы Петропавл, Атбасар, Ақмола, Көкшетау уездерінен тұрды.

XX ғасырдың отызыншы жылдары біздің тарихымызға саяси қуғын-сүргін жылдары деген атпен енді, осы уақытта қазақ зиялыларының көрнекті өкілдері атылды, лагерьлерде қаза тапты. Олардың арасында Ақмола облысынан шыққан Үкілі Ыбырай, Әбілқайыр Досов, Айдархан Тұрлыбаев, Зарап Темірбеков және басқа да мемлекеттік қайраткерлер болды.

1932 ж. Қазақстанда алты облыс құрылды. Бұрынғы Ақмола округінің аудандары орталығы Петропавл қаласы болған Қарағанды облысының құрамына енгізілді.

1936 ж. 29 шілдесінде Қарағанды облысы Қарағанды және Солтүстік Қазақстан облысы болып екіге бөлінді.

1939 ж. 14 қазанында Ақмола қаласы орталығы болған Ақмола облысы құрылды.

1944 жылдың 16 наурызында Көкшетау облысы құрылды. Құрамына 15 аудан, соның ішінде Зеренді, Еңбекшілдер және Щучье аудандары кірді.

1960 жылдың 26 желтоқсанында құрамына Көкшетау, Қостанай, Павлодар және Солтүстік Қазақстан облыстары енгізілген Тың өлкесі құрылды. Ақмола облысы таратылып, оның аудандары Тың өлкесінің басқару органдарына тікелей бағынатын болды. Тың өлкесінің орталығы Ақмола қаласы болды. 1961 ж. 20 наурызында Ақмола қаласының атауы Целиноград болып өзгертілді. Сол жылдың 1 сәуірінде бұрынғы



Көкшетау қаласына алғашқы пойыздың келуі. 1922 жыл



Әртүрлі дерек көздерін пайдалана отырып, Ақмола облысы қалаларының құрылу уақытын анықтаңдар. Өздерің тұратын елді мекен қашан құрылған?



Кеңестік кезеңде Ақмола облысын қамтыған әкімшілік өзгерістердің хронологиялық кестесін жасаңдар.

Көптеген тарихшылар Ақмола облысының тарихын зерттеген. Олардың қатарына Қ. Қ. Әбуев, В. Ф. Зайберт, М. К. Хабдуллина және басқа да тарихшылар кіреді. Осы зерттеулердің нәтижелері көптеген басылымдарда, анықтамалықтар мен энциклопедияларда жарық көрген.

Ақмола облысы тарихының маңызды деректері облыстық мұрағатта сақталады. Облыс тарихын зерттеп жүрген ғалымдар мұрағат құжаттарына сүйенеді.



Ақмола облысының әкімшілік құрылымы туралы кесте құрындар. Кестеде облыс аудандары, олардың орталықтары, халқының саны туралы мәліметтер көрсетілуі қажет.

1992 жылдың 6 шілдесінде Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің шешімімен Целиноград облысы мен Целиноград қаласына олардың тарихи атауы – Ақмола облысы және қаласы қайтарылды.

Облыс қойнауы алтын, темір, уран кеніштеріне, көмір, боксит, доломит және т. б. пайдалы қазбаларға бай.

Ақмола облысының аудандары жаңа құрылған Целиноград облысына берілді.

Тәуелсіздік кезеңі. 1991 жылдың 16 желтоқсанында Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі туралы конституциялық заңы қабылданды. Бүгінгі таңда Қазақстанды бүкіл әлем таныған, оның халықаралық кеңістіктегі лайықты орны бар. Қысқа мерзім аралығында біздің мемлекетіміз өзінің экономикалық, әлеуметтік, мәдени және саяси дамуында үлкен серпіліс жасады.

Елді дамытуға Ақмола облысы да өзінің қомақты үлесін қосуда.

90-жылдары мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыру мақсатында әкімшілік-жүйелік реформалар іске асырылды.

1997 жылы 22 сәуірде Торғай облысы қысқартылып, облыс аумағындағы Есіл, Жақсы, Жарқайың аудандары Ақмола облысы аумағына енгізілді.

Сол жылы Көкшетау облысы таратылып, Көкшетау қаласы, аудандар Солтүстік Қазақстан облысы құрамына енгізілді.

Кейін Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен 1999 жылдың 8 сәуірінде Зеренді, Еңбекшілдер және Щучье аудандары Ақмола облысына беріліп, осы облыстың орталығы Астанадан Көкшетау қаласына көшірілді.

Ақмола облысы республикадағы ең ірі астық өндіруші аймақ болып табылады.

Облыста денсаулық сақтау және білім беру салаларының дамуы әлеу-

меттік-экономикалық ілгерілеудің маңызды факторына айналды.

Білімділікке негізделген экономикаға лайықталған білім берудің жаңа моделі енгізілуде.

Тәуелсіздік жылдары спорт саласында салауатты өмір салтын насихаттауда жетістіктерге қол жеткізілді. В. Смирнов, Д. Гааг, Д. Жоламан, З. Цолоева және басқа да көптеген спортшылар еліміздегі және әлемдік жарыстарда жеңіс тұғырынан көрінді.

Осы кезде мәдениет саласының жаңа кезеңі мен гүлденуі рухани даму саласында мемлекеттің көрсеткен қолдауымен байланысты болды. Бұл Ақмола облысында қабылданған «Мәдени мұра», «Ақмола облысындағы мәдениет саласын дамыту» сынды аймақтық бағдарламаларды қабылдап, оларды орындауда көрінді.

Ақмола облысында «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясындағы қоғамдық сананы жаңарту, туған жердің тарихына, мәдениетіне және дәстүрлеріне деген құрметті дамытуға бағытталған жобалар сәтті жүзеге асырылуда. «Құмай» археологиялық-этнографиялық кешені тұрғызылды, «Ақмола облысының ауыл энциклопедиясы» дайындалып, оның аясында Жақсы, Біржан сал, Аршалы, Есіл, Егіндікөл, Зеренді, Ақкөл аудандары және Степногорск қаласына арналған 8 CD-дискі жарық көрді. «Гәккулеткен, аққу жеткен – Көкшетау», «Ғасырлар үні», «Көкшетау – тал бесігім» атты аймақаралық фестиваль өткізілді және басқа да іс-шаралар жүзеге асырылды.

«Алтынтау Көкшетау» АҚ Васильков алтын кенішінде жұмыс жүргізуде.

«Тыныс» АҚ-ның зауыты халық шаруашылығының әртүрлі саласына арналған өнімнің 100-ден астам түрін шығарады.

«КамАЗ – Инжиниринг» АҚ-ның кәсіпорны жүк машиналары, коммуналдық және жол салатын арнайы техника түрлерін шығарады.

2018 жылдың шілдесінде «Біржан-Сара» операсының ашық аспан астындағы қойылымы өтті. Көкшенің әсем тауларының баурайында орналасқан Абылай хан алаңы («Бурабай» курорты аумағында) басты екі кейіпкердің махаббат тарихы өрбіген мекенге айналды. Бұл шығармада суреттелген оқиғалар осы арада өткен. Кең ауқымдағы қойылымды ел Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев келіп тамашалаған.



1. Ақмола облысында ашылған тас ғасыры ескерткіштері туралы баяндандар.
2. Көкшетау қаласының негізі қай жылы салынды?
3. ХІХ ғасырдағы өлке тарихынан не білесіңдер?
4. Тәуелсіздік жылдары Ақмола облысында қандай маңызды оқиғалар орын алды?

§ 4. Менің мектебімнің тарихы



Ауыл мектебі. XIX ғасырдың соңы



Өз мектептерінің тарихын білесіңдер ме? Ол қай жылдары құрылған? Оның алғашқы мұғалімдерін атай аласыңдар ма?



Солтүстік Қазақстандағы ең алғашқы мектептердің бірі. XIX ғасырдың соңы

Ертеректе қазақ балалары ауыл мектептерінде араб жазуын үйреніп, құран сүрелерін жаттаған, шығыс авторларының шығармаларын оқыған. XIX ғасырдың орта шенінде Ақмола мен Атбасарда медреселер ашыла бастаған. XIX ғасырдың соңында дінтанушы-ғалым Науан хазірет Көкшетау қаласында 4 жылдық мектеп-интернат ашқан. Ірі елді мекендерде, Ақмола, Көкшетау, Атбасар стансаларында, алғашқы мектептер XIX ғасырдың ортасында пайда болған. 60-жылдардың өзінде Көкшетау қаласында 2 мектеп болған.


1920 жылдары Кеңес Үкіметі жаппай сауаттандыру ісін қолға алып, әр жерде мектептер аша бастайды.

Ұлы Отан соғысы жылдары (1941–1945) Ақмола облысындағы білім беру мекемелері жұмысын тоқтатпайды. Алайда соғыстан кейінгі жылдары облыс мектептерінде мұғалімдердің жеткіліксіздігі айқын сезіле бастаған. Осы аралықта білімді бағалаудың 5 балдық жүйесі енгізіледі. 1950–80 жылдары білім беру мекемелерінің тізбегі дами бастайды. 1982 жылы Целиноград облысындағы мектептер саны 477-ге жеткен.

Қазіргі уақытта Ақмола облысында бес жүзден астам жалпы білім беретін мектеп бар. Олардың барлығы тарих пен дәстүрлерге бай. Зерттеу әдістерін меңгеруде мектеп тарихы мен дәстүрлерін оқып білу жақсы тәжірибе болуы мүмкін.

Дәстүр – әдетке айналған салт-сана, ғұрып.

Зерттеу жобасының кезеңдері



Тарихты зерделеу жұмысын мектеп оқушыларынан сауалнама алу-дан бастауға болады. Сауалнамаға енгізілген сұрақтар оқушыға түсінікті және жауабы нақты болуы керек. Мысалы, «Біздің мектеп қашан құрылғанын білесіңдер ме?», «Осы ғимаратта біздің мектеп қай жылдан бастап орналасқан?» Сауалнама оқушылардың өз мектебінің тарихын қаншалықты білетінін анықтауға мүмкіндік береді.

Мектеп тарихын зерттеудегі келесі кадам – бар материалмен, бұрын жүргізілген зерттеу жұмыстарының нәтижелерімен танысу. Ол үшін мектеп тарихына қатысты барлық құжаттар зерделенеді. Әлбетте, олар мектеп кітапханасында немесе тарих кабинетінде сақталады.



«Менің мектебімнің тарихы» сауалнамасына сұрақтар құрастырындар. Сұрақтар мектеп тарихына қатысты болуы керек. Сұрақтар санын 10-нан асырмау қажет.

Өз сыныптарыңда сауалнама өткізіңдер. Нәтижесін зерделендер. Егер сауалнамаға қатысушылардың көпшілігі сұрақтарына жауап бере алмаса, онда мектептің ерте кезеңіндегі тарихы бойынша зерттеу жүргізген жөн болады.



Мектепте сақталған мектеп тарихы туралы мәліметтері бар материалдарды жинастырындар.

Ол үшін мектеп кітапханасында жұмыс жүргізіп, тарих мұғалімдерінен сұрастырындар.

Жиналған барлық материалды түрлеріне қарай сұрыптаңдар, мысалы:

1. Фотосуреттер.
2. Ардагер-мұғалімдердің естеліктері.
3. Түлектердің естеліктері.
4. Ресми құжаттар. Құжаттарды зерделендер. Олардың мектеп тарихын қаншалықты аша алатынын анықтаңдар. Қандай толықтырулар енгізу керек? Олардың негізінде әңгіме құрастыруға бола ма?



Мектептің ашылуы туралы ресми құжаттар мектепте болмаған жағдайда, сұраныс жасаңдар. Ақмола облысы мұрағатының виртуалды қабылдау бөлмесі арқылы облыстық мұрағатқа сұрау салуға болады.



Өз сынып жетекшілерің, тарих мұғалімімен бірлесіп, ардагер-ұстаздармен кездесу ұйымдастырыңдар. Кездесуді қандай да бір мерекеде, мысалы, Мұғалімдер күні кезінде өткізіңдер.

Мұндай кездесуге мұқият дайындық қажет.

Ардагерлерге қоюға лайықты деген сұрақтар тізімін әзірлендер, мысалы:

1. Сіз қай жылдары жұмыс жасадыңыз?


2. Ол кезде мектеп директоры кім еді?

3. Мектеп қай ғимаратта орналасқан еді?

4. Есіңізде қалған оқушы (оқушылар) туралы айтып берсеңіз.

Сұхбатты аудиожазылымда жүргізіндер, кейіннен оны баспа мәтінге түсіріндер.

Жазылымды смартфон (диктофон функциясы) арқылы жүргізуге болады. Жазылым жасамас бұрын бұл функцияның қаншалықты дұрыс жасап тұрғанын тексеріп алған жөн.



№ 1 орта мектеп тарихы туралы сұраныс бойынша Көкшетау мұрағатынан келген ресми жауап хат

Мектеп тарихын зерттеу мұғалімдер мен түлектер туралы материалдар (фотосуреттер, құжаттар, мұрағаттық материалдар болуы мүмкін) жинаудан басталады.

Мектептің құрылуы, оны басқарған адамдар туралы ресми құжаттар аудандық (қалалық) немесе облыстық мұрағатта сақталуы мүмкін.

Сұранысты құрастыруға мұғалімдерің көмектесе алады. Интернет-технологиялар мұрағат мекемелерінің сайтындағы виртуалды қабылдау бөлмелері арқылы сұрау салуға мүмкіндік береді. Мысалы, Ақмола облыстық мұрағатына: <http://oblarchive.akmo.gov.kz/feedback/home/feedback.html> сілтемесі арқылы сұраныс жолдай аласыңдар.

Аудандық, қалалық немесе облыстық, тіпті республикалық газеттер секілді бұқаралық ақпарат құралдары да мектептерің туралы жақсы ақпарат көзі бола алады. Олардан өз мектептерің немесе мұғалімдерге байланысты қандай да бір маңызды мақалаларды табуға болады. Газеттер түптемесі аудандық немесе облыстық кітапханаларда сақталады.

Жинақталатын материалдарға көп жылдар бойы мектептеріңде жұмыс жасаған ардагер-мұғалімдердің естеліктерін, сұхбаттарын да жатқызуға болады.

Материал жинау үшін мектеп түлектері арасында сауалнама жүргізуге болады. Сауалнама құрастырғанда сұрақтар түсінікті әрі берілетін жауабы нақты болуы керек.

Фотосуреттерді жинауда әлеуметтік желілердегі түлектер қауымдастығы көмектесе алады. Осындай қауымдастықтарда әртүрлі қалаларда тұратын мектеп түлектері сирек кездесетін фотоларды жариялайды.

Барлық жиналған материалды өңдеп, жеке бума, файлдарға жүйелеп салу қажет.



Бұл тапсырманы орындау үшін ғаламтор желісіне шығу мүмкіндігі бар компьютер қажет. Әлеуметтік желілерде мектеп түлектерінің қауымдастығын тауып алу керек.

Қауымдастыққа өткеннен кейін ондағы қатысушылар арасында сауалнама жүргізуге болады.

Сауалнама нәтижелі болуы үшін оның мақсатын, күтілетін нәтижені түсіндіріп өтіңдер.

Сұрақтарды әзірлендер және жарияландар, мысалы:

1. Мектепте оқыған жылдар.
2. Сіз оқыған кездегі мектеп директоры; егер бірнеше директор болса, олардың жұмыс жасау уақытын хронологиялық тәртіпте көрсету.
3. Сынып жетекшісі; егер бірнеше жетекші болса, хронологиялық тәртіпте көрсету керек.
4. Бастауыш, орта, жоғарғы сыныптарда сабақ берген мұғалімдер.
5. Мектепте орын алған ең есте қаларлық оқиға.

ДЕНЬ ЗНАНИЙ Преобразования в образовании

На старом месте образована Академическая СШ имени Преображенского. В здании школы, где раньше находилась СШ имени Преображенского, в настоящее время находится Академическая СШ имени Преображенского. В здании школы, где раньше находилась СШ имени Преображенского, в настоящее время находится Академическая СШ имени Преображенского.

В здании школы, где раньше находилась СШ имени Преображенского, в настоящее время находится Академическая СШ имени Преображенского. В здании школы, где раньше находилась СШ имени Преображенского, в настоящее время находится Академическая СШ имени Преображенского.

В здании школы, где раньше находилась СШ имени Преображенского, в настоящее время находится Академическая СШ имени Преображенского. В здании школы, где раньше находилась СШ имени Преображенского, в настоящее время находится Академическая СШ имени Преображенского.



Облыстық газет бетіндегі түбегейлі жөндеу жасалғаннан кейін ашылған облыс мектептерінің бірі туралы мақала



Сол қауымдастықтың «Фото» бөлімінде мектеп мұғалімдері, оқушыларының фотосуреттері жарияланады. Мектеп тарихына тікелей қатысты фотосуреттерді флеш-тасымалдағышта немесе компьютер жадында сақтаңдар.

Егер фотосуреттерге пікір қалдырылмаса, онда фотосурет туралы сұрақ қойыңдар:

1. Суретке түсірілген кімдер?
2. Қайда және қашан түсірілген фотосурет...



Компьютерде жобаны іске асыру кезінде жинақталатын барлық материалдарды сақтау үшін жеке папка ашқан жөн. Осы папканың ішінде жеке-жеке папкалар жасандар. Оларда оқушылар мен мұғалімдердің фотосуреттері, естеліктерінің мәтіндік және аудионұсқаларын, ресми құжаттардың, газеттерде жарияланған мақалалардың сандық көшірмелерін сақтаңдар.

Түлектер естеліктері талданады, маңызды фактілері анықталады, олардың нақтылығы басқа құжаттармен салыстырылады. Осылайша барлық құжаттар тексеріледі. Мұғалімдер мен түлектерден алынған сұхбаттар, сауалнамалардан ауызша тарих мұрағатын құруға болады. Өңделген материалдар негізінде эссе жазылады, таныстырылымдар мен инфографиктер құрылады. Жиналған фотосуреттердегі мәліметтерді өңдеу кезінде оның түсірілген уақыты, орны, мүмкін болса, сурет авторын анықтау қажет. Жиналған фотосуреттерден «Біздің мектебіміздің тарихы», «Ардагер-мұғалімдер», «Мектебіміздің ең үздік оқушылары» сынды альбомдар құрастыруға болады.



Өлкеміздегі мектептердің бірінен алынған альбом

Зерттеу жұмысының нәтижесі буклеттерден, фотоальбомдардан тұруы мүмкін.

Информатика пәнінің мұғалімдерімен бірлесіп, барлық жинақталған ақпаратты ғаламтор беттеріне жариялауға болады.



«М. Ғабдуллин атындағы № 3 көптілде оқытатын кәсіби мектеп-гимназиясы» ҚММ-інің мұражайы

Мектептің барлық оқушыларын жоба жұмысының нәтижесімен жалпы мектептік іс-шарада таныстырылым жасау арқылы немесе сынып сағаты түрінде таныстыруға болады.



1. Зерттеу жобасының кезеңдерін атаңдар.
2. Материал жинауды қалай түсінесіңдер?
3. Зерттеудің қорытындысын қалай ұсынуға болады? Қорытынды түрлерін ұсыныңдар. Олардың артықшылықтары қандай?
4. Жобаны орындағанда нені үйренуге болады?
5. Осындай зерттеу жобасын топтасып жүргізуге бола ма?



Жинақталған материалдар негізінде фотоальбомдардың электрондық нұсқасын жасаңдар. Фотосуреттерді белгілі бір тәртіппен, мысалы, хронологиялық тәртіпте орналастырыңдар. Әр фотосуретке толық ақпарат беріңдер.

Модератордың көмегімен мектеп сайтына жариялаңдар.



Жинақталған материалдарды ақпарат көзі ретінде пайдаланып, эссе жазыңдар. Өз эсселерінде мектептің құрылуы, оның басшылары, онда жұмыс жасаған мұғалімдер, атақты тұлғалар туралы мәліметтерді жазыңдар.

Мектеп дәстүрлері туралы айтып өтіңдер.



Жинақталған материалдарды қолдана отырып, өз мектептеріңнің тарихы туралы буклет немесе таныстырылым әзірлендер. Көрнекіліктер ретінде өздерің жинаған ресми құжаттар көшірмелерін, газет мақалаларын, фотосуреттерді қолданыңдар.

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ

§ 5. Туған өлке публицистика беттерінде



1. Қазіргі қоғамда БАҚ-тың алатын орны қандай?
2. Газеттер мен журналдар не үшін қажет?
3. Ақмола облысында қандай газет-журналдар шығатынын білесіңдер ме?



Отан – адамның туып-өскен жері, атамекені. Адамның Отанға махаббаты оның жүрегінде мәңгілікке орын алады. Қазақстан халқының қоғамдық санасын жаңғырту мақсатындағы бағыттың бірі – Н. Ә. Назарбаев ұсынған «Туған жер» бағдарламасы. Бұл бағдарлама аймақтық мәдениетке қызығушылықты күшейтіп, отансүйгіштікке тәрбиелеуге бағытталған.

Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында «отансүйгіштік өз жеріңе, ауылыңа, қалаңа, аймағыңа, туып-өскен жеріңе деген махаббаттан басталатынына» баса назар аударылған.

Туған өлкенің күнделікті өмірін, онда тұратын халық және үлкендікшілі оқиғалары туралы жергілікті газет-журналдардан оқып немесе телеарналардың жаңалықтарынан білуге болады. Туып-өскен жердің жай-күйін баяндауда публицистика ерекше орын алады.

Оның басты функциялары – ақпаратпен қамтамасыз ету және ықпал жасау. Публицистиканың маңызы ғаламтор дәуірінде де жоғалмайды.

Публицистика – қазіргі заманның өзекті, көкейтесті қоғамдық-саяси мәселелерін, қоғамның күнделікті өмірінің бағытын айқындайтын, түсіндіретін әдебиет.

№	Газет-журнал жанры	Жанр ерекшеліктері
1	Мақала	
2		
3		



Ғаламтордың дамыған заманында баспалық басылымдардың маңызы бар ма? Өз көзқарастарыңды дәлелдендер.

Әлеуметтік желілерді БАҚ деп атауға бола ма? Неліктен?

Аудандық немесе қалалық газеттердің қайсысының ғаламтордағы нұсқасын қарайсындар? Олар туралы айтып беріндер.

Публицистикалық стильдің қолданылу аясы



Негізгі газет-журнал жанрларын атаңдар. Олардың ерекшеліктері қандай? Кестені толтырыңдар.



Көкшетау қаласының мерзімді басылымдары



Өздерің тұратын ауданның, қаланың, облысымыздың газет-журналдарын атап шығындар.

Жанұяларыңда қандай газеттер оқисындар? Оқылған мақалаларды талқылайсындар ма?

Өздерің білетін журналистер, авторлар, редакторларды атаңдар. Олар қандай тақырыптарда қалам тартады?



Туған өлке мен оның танымал адамдары жайында мақалалар мен очерктер жинастырындар. Оларда қандай мәселелер көтерілген? Олардың басты мақсаты ақпарат беру ме, әлде әсер ету ме?



Публицистикалық стильдің ерекшеліктерін атап шығындар.

Публицистикалық стильдің көркем әдебиет стилінен айырмашылығы қандай?

Қазіргі қоғамдық өмірде бұқаралық ақпарат құралдарының алатын орны ерекше. Ақмола облысында әртүрлі 97 БАҚ тіркелген, соның 78-і баспалық, ал 19-ы электрондық басылым. Олар әлеуметтік маңызы бар оқиғаларды баяндау, халықты жергілікті өзін-өзі басқару органдарының іс-әрекеті туралы дер уақытында хабардар ету арқылы мемлекетті дамыту бағдарламаларының сәтті орындалуына сүбелі үлес қосады.

Облыстық «Арқа ажары» және «Ақмолинская правда» газеттері өлкеміздің жетекші басылымдары болып саналады. Олардың құрылтайшылары – облыс әкімі және облыстық мәслихат. «Көкшетау» және «Степной маяк» газеттерінің дәстүрлері ертеден қалыптасқан, олардың 100 жылға жуық тарихы бар. Олармен қатар «Любимый город», «Бұқпа», «Кокшетау сегодня», «Мобильная газета», «Риск-Бизнес» басылымдары облысымыздың халқы арасында кеңінен мәлім.

Облысымызда әрбір ауданның қоғамдық-саяси өмірін баяндайтын «Бірлік», «Вечерний Степногорск», «Ақкөл өмірі», «Зерен», «Ереймен», «Луч», «Сандықтауские вести» және басқа да газеттер шығып тұрады.

Облыста М. Бижанов, Р. Ақбердин, Т. Қажыбай, С. Көшкенов, И. Перерва, Ж. Ерғалиев, А. Кузённый, В. Губанов, В. Холин, Б. Амалбек, С. Авдеюк, Б. Сәрсенбаев, Қ. Төреғожа, Б. Байәділов, Қ. Мұхамеджанов, В. Косянюк, А. Мякота, М. Джусупова, С. Құсайынова, Ш. Ташенов, С. Әлмұсаев, Е. Кимов сынды журналистердің есімдері кеңінен танымал. Олар жа-

риялаған материалдарда аймақтың дамуы, экология және абаттандыру мәселелері, білім мен денсаулық сақтау жүйелерін жақсарту, халықтың құқықтық және азаматтық мәдениетін өсіру, салауатты өмір салтын насихаттау мәселелері көтерілген.

Көкшетау қаласында 2004 жылдан бастап «ЖасStar» республикалық ғылыми-әдістемелік журналы шыға бастады. Мұнда оқушылардың фото-құжаттары, мақала, очерк, әңгіме, өлеңдері жарияланып тұрады. Журнал мемлекет саясатының балалар әлеміндегі көрінісін бейнелейді, балалар ұйымдарының, жас жұлдыздар мен көшбасшылардың жетістіктерін насихаттайды. «Ребенок и ПРАВО» журналы Қазақстан Республикасындағы балалардың құқықтық мүдделері мен оларды қорғаудағы негізгі мәселелерді көтереді.



1. Мәтінді оқындар. Оның тақырыбы мен негізгі ойын анықтаңдар.

2. Оған атау беріңдер.

3. Стилi мен мәтiн түрiн анықтаңдар.

4. Мәтiн қандай жанрға жатады? Нелiктен?

5. Осы мәтiнге тән стилистикалық ерекшелiктердi атап шығындар. Өз көзқарастарыңды дәлелдендер. Мысалдар келтіріңдер.

6. Көркемдеуiш құралдар (лексикалық, морфологиялық, синтаксистiк) мәтiннiң ақпараттылығына, мазмұнының терең және объективтi әрi әсерлi болуына септiгiн тигiзе ме? Мысалдар келтіріңдер.

Мәлік Ғабдуллин атындағы музейдің қызметкерлері 20 жылдан астам уақыт бойы өскелең ұрпақтың санасында батырдың, ұлы тұлғаның үлгі тұтарлық бейнесін қалдыру бағытында үлкен жұмыс жүргізуде.

Жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеу М. Ғабдуллин шығармашылығында негізгі орын алған және қазір де көкейтесті болып қала бермек, аталған мәселе мемлекетіміздің басшысы Н. Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясында да көрсетілген. Сондықтан өткізілетін іс-шаралардың басты мақсаты Президент бағдарламасының негізгі баптарын жүзеге асыру болып табылады.

1943 ж. 30 қаңтарында фашист басқыншыларына қарсы күресте көрсеткен ерлігі үшін М. Ғабдуллинге Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Жарлықтың түпнұсқасы музейде сақтаулы және бірегей жәдігер болып табылады.

2017 жылдың 30 қаңтарында жоғары атақтың берілген күніне орай музейде М. Ғабдуллин атындағы «Жас Ұлан» әскери-патриоттық клубының жаңа мүшелерінің «Батырлық салты – ұрпақ сабақтастығы» атты салтанатты ант қабылдау шарасы өтті.



1. Сабақта жаңадан не білдіңдер?

2. Сабақта жасаған жұмыстарыңды қалай бағалайсыңдар?

3. Өздерің үшін не қызықты болды? Неліктен?

§ 6. «Менің туған өлкем» электрондық энциклопедиясы



1. Өлкетанудың қандай бағыттарын білесіңдер?

2. Қай бағытта жұмыс жасау сендерге ұнады? Неліктен?

Адамзаттың пайда болған кезеңінен бастап жинаған білімінің қоры ұшан теңіз. Бұл білім – өркениеттің өте құнды жетістіктерінің бірі. Ғасыр өткен сайын құнды ақпарат әртүрлі тасымалдаушы заттардың көмегімен ұрпақтан ұрпаққа беріліп отырды. Алғашқы ақпарат тасымалдаушылар ретінде тас, папирус, қыш және балауыз тақталары, аң терісі, ағаш қабығы және т. б. қолданылған.



Қыш тақталар



Египет папирусы

Жиналған білім қоры сақтауды талап етті. Сондықтан көне дәуірлердің өзінде-ақ каталогтер, кітапханалар, мұрағаттар болған. Түптеп келгенде, солардың барлығы әртүрлі ғылым салаларының деректер базасы іспеттес.

Білімнің жеке массивтері қызметін энциклопедиялар атқарады.

Энциклопедия сөзі грек тілінен «enkyklios paideia» – «білімнің барлық шеңберіне баулу» дегенді білдіреді. Аталған терминді бүгінгі айналымға 1538 жылы ағылшын гуманисті Томас Эллиот енгізген. Ғалым бұл сөздің мағынасын «барлық мәлім ғылымдар мен пәндерді түсіндіретін кітап» деп түсіндірген.

Энциклопедия – білімнің жүйеленген қоры берілген анықтама-лық басылым.

Алғашқы энциклопедиялар б. д. д. II мыңжылдықтың өзінде-ақ папирус түрінде Ежелгі Египетте пайда болған. Ежелгі Қытайда да (б. д. д. XII–X ғасырларда) жасалған. Қайта өркендеу дәуірінде энциклопедия дәстүрлерінің дамуына Иоганн Гутенбергтің кітап басуды ойлап табуы секілді оқиғалар елеулі ықпал етті. Энциклопедиялық еңбектер көне дәуірде пайда болғанымен, *энциклопедия* сөзі айналымға тек XVI ғасырда енді.

XX ғасырда «Британика» ең әйгілі энциклопедия болды. Оның үш том көлеміндегі алғашқы басылымы 1768–1771 жылдары жарық көрген болатын.

1977 жылы «Британиканың» үшінші басылымы он сегіз том, 1985 жылы он алтыншы басылымы 32 том болып жарық көрді.

2012 жылдың наурызында «Британика» энциклопедиясы қағаз басылымдардан бас тартып, толығымен мультимедиялық нұсқаға көшті.

Қазақстанның ең маңызды энциклопедиясы – «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия» басылымы. Бұл басылым қазақ тіліндегі негізгі 10 томнан, орыс тілді бес томдық нұсқадан және ағылшын тіліндегі анықтамалықтан тұрады. 1998–2007 жылдары «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия» ҚР Президенті Н. Ә. Назарбаевтың бастамасымен жарық көрді.

Энциклопедияны 1972–1978 жылдары басылып шыққан 15 томдық Қазақ советтік энциклопедиясының



«Британиканың» 1768 жылы жарық көрген алғашқы басылымы



«Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия»



Түрлі мәліметтерді жүйелеу, ақпаратты реттеу және оны іздеу жүйесін ненің көмегімен оңтайландыруға болады?



Ақмола облысы жайлы
энциклопедиялық басылым



Туған өлке туралы тарих, география, өнер, қазақ әдебиеті бағыттары бойынша мәліметтер жинаңдар. Жиналған материалды Word форматында бөлек файлдарда рәсімдеңдер.



Қалай ойлайсыңдар, іздеу жұмысын жеңілдету үшін әртүрлі ақпаратты ненің көмегімен жүйелеп, ретке келтіруге болады?

негізінде «Қазақ энциклопедиясы» баспасы шығарған.

1995 жылы «Қазақ энциклопедиясының» бас редакциясы Ақмола облысы туралы басылымды дайындады. Энциклопедия 2005 жылы екінші рет басылып шықты. «Ақмола» басылымының төрт томында Ақмола облысының табиғаты мен табиғи байлықтары, халқы, тарихы және экономикасы туралы, аймақтың сәулет өнері, білім жүйесі, ғылымы жөнінде 2000-нан астам сөздік мақала мен ақпарат берілген. Энциклопедия 1000-нан астам фотосурет пен иллюстрация, 19 картамен жабдықталған.

Адамның дамуы мен саналы өмірі үшін энциклопедияның маңызы зор. Энциклопедияның сан ғасырлық тарихында көптеген басылымдар жарық көрді. Адамзат әрқашан өз білімін жүйелеп, реттеп отыруға ұмтылған, сондықтан энциклопедияларға арналған жіктеу жүйелері де қарастырылған.

Жинақталған материалдардың мазмұнына байланысты энциклопедиялар **әмбебап, салалық және аймақтық** болып жіктеледі. Құрылымы бойынша энциклопедиялар **әліпбилік және жүйелік** (оларды тақырыптық деп те атайды) болып бөлінеді. Әліпбилік энциклопедияларда материалдар, энциклопедиялық мақалалар әліпби ретімен берілсе, жүйелік энциклопедияда белгілі бір жүйеде, мысалы, хронологиялық ретпен немесе тақырыптық негізде берілуі мүмкін.

Энциклопедиялық басылымның белгілері:

- берілген тақырыпқа байланысты ақпараттың толықтығы;
- мазмұндаудың жүйелілігі;
- көрсетілген фактілердің ғылымилығы;
- оқиғалар, фактілер мен құбылыстарды сипаттаудың объективтілігі;
- баяндау фактілерінің дәлдігі;
- баяндаудың бірізділігі;
- көрсеткіш, тізім, сілтеме түріндегі анықтамалық ақпараттың болуы.

Энциклопедия


Салалық энциклопедия қандай да бір білім саласына қатысты ақпараттарды тереңдете қарастырады

Аймақтық энциклопедия қандай да бір қала, облыс немесе республика және т. б. аймақ туралы ақпараттарды қамтиды

Әмбебап энциклопедияға әлем және адам туралы ақпараттың барлығы енгізіледі



Энциклопедия суреттерін карап шығындар. Жоғарыда берілген схемаға сүйеніп, оларды жіктендер. Оларды қандай сипаттарына орай топтастырғандарынды түсіндіріңдер.





Энциклопедиялық мақаланың құрылымы: 1 – негізгі сөздік тұлға; 2 – түсіндірме мәтін



Түсіндірмелі сөздіктерді пайдаланып, өздерің музей, батыр, шаңырақ сөздеріне энциклопедиялық мақала құрастырыңдар. Энциклопедияларға сүйеніп, жұмыстарыңды тексеріңдер. Айырмашылықтарын талдап, қателерді түзетіндер.



Баспалық және электрондық энциклопедиялардың ұқсастықтары мен айырмашылықтары қандай? Венн диаграммасын жасаңдар.

Әрбір энциклопедия энциклопедиялық мақала түріндегі негізгі мәтіннен және анықтамалық ақпараттан тұрады.

Энциклопедиялық мақаланың негізгі сөздік тұлғасы және түсіндірме мәтіні болады. Негізгі сөздік тұлға – жеке сөз немесе сөз тіркесінен тұратын термин, жалқы есім болуы мүмкін. Әрі қарай негізгі сөздік тұлғаны түсіндіретін мәтін беріледі. Түсіндірме мәтін қысқа, тек анықтамасын ғана беруі мүмкін немесе басты сөз белгілеген нысанды, ұғымды терең түсіндіретіндей кең ауқымды болуы да мүмкін.

Компьютерлік технологиялардың дамуына байланысты энциклопедиялардың компакт-дискідегі нұсқалары, кейін ғаламтор-энциклопедиялары пайда болды. Ақпараттарды жеңіл және жылдам алу, оның уақтылы жаңарып отыруы электрондық энциклопедиялардың басты артықшылығы болып табылады.

Мультимедиялық технологияларды қолдану мәтін, фотосуреттер, иллюстрациялармен қатар дыбыс, бейнефайлдарды, анимацияны бір жүйеге енгізуге мүмкіндік берді. Сонымен қатар барлық электрондық энциклопедиялардың арнайы бағдарламалық алгоритмдерге, электрондық каталогтерге, байланыстары бар ақпаратты іздестіруге (қиысатын сілтемелер, гиперсілтемелер) негізделген өте ыңғайлы ақпарат іздеу жүйелері болады.

Электрондық энциклопедия – әрбірінде белгілі бір нысанға қатысты ақпарат берілетін жеке модульдердің ретке келтірілген жүйесі.

Электрондық анықтамалықтар мен энциклопедияларға жаңа ақпарат жеңіл енгізіледі, оларды әлемнің кез келген нүктесіне жіберуге болады.

Қазіргі кезде көрнекі, көркем және қызықты электрондық энциклопедиялар жасауға мүмкіндік беретін шектеусіз таратылатын арнайы бағдарламалар өте көп. Олардың Word, FrontPage сынды түрлері көпке белгілі және қолданылуы да қарапайым.

Ғаламтор жүйесінде көптеген энциклопедиялар бар. Солардың арасында кең тарағаны және ең белгілісі – Уикипедия. Бұл энциклопедия адамзат тарихында жасалған ең толық энциклопедия саналады. Энциклопедияның ең басты артықшылығы – қолданушының туған тілінде ақпарат беруі. Бұл энциклопедияның 40 млн-нан астам сөздік мақаласы бар. Уикипедия сайты қолданылу жиілігі тұрғысынан әлемдегі бестіктің қатарына кіреді.



Қазақстан туралы «Қазақстан – Ұлы Дала Елі» – сандық энциклопедиясы



Оқулықтың электрондық қосымшасына назар аударыңдар. 5–6-сыныптарда 1, 5, 10-параграфтарды игергенде онымен жұмыс істедіңдер. Енді оның құрылымын мұқият қарастырып, мазмұнына шолу жасандар. Талдау негізінде электрондық энциклопедиядағы мәліметтер, оның құрылу қағидаттары туралы баяндап, сипатын жасандар.





Алдын ала дайындалған материал негізінде «Менің туған өлкем» атты электрондық энциклопедия әзірлендер.

5–6-сыныптарда аудиокаталогтерді жасауда, өлкеміздің дарынды тұлғалары туралы деректерді жинағанда игерген білімдеріңді қолдана отырып, электрондық энциклопедияға енгізілетін материалды жинақтандар. Жұмыстарың үш кезеңнен тұрады:

I. Анықтаңдар:

1) Электрондық энциклопедияға қандай материалдарды енгізуге болады?

Нұсқалар:

а) Ақмола облысының өсімдіктер мен жануарлар әлемі;

ә) Ақмола облысының пайдалы қазбалары;


б) өлкеміздің қорықтары және т. б.

2) Қажетті мәліметтерді қандай дереккөздерден алуға болады?


3) Электрондық энциклопедияға қосу үшін ақпаратты қандай түрде (файл форматы) ұсыну керек?

II. Өздерің таңдаған тақырыпқа қатысты ақпарат жинап, деректер базасын құрыңдар.

III. Скриншот түрінде берілген схемаға сүйене отырып, деректер базасын «Менің туған өлкем» электрондық қосымшасына енгізіндер.




Электрондық кітапхана




Анықтаманы қосу



Анықтаманы түзету



Анықтаманы өшіру



Фотосуретті өшіру



Ақмола облысының карталары



Анықтамалық ақпарат



1. Электрондық энциклопедияны құрастырғанда қандай қиындықтарға тап болдыңдар?
2. Осы жұмысты жасағанда сендерге не қызық болды?
3. «Менің туған өлкем» электрондық энциклопедиясын жасаудың маңызы қандай?

ГЕОГРАФИЯ

§ 7. Туған өлкенің флорасы мен фаунасы



1. Өздерің тұратын аймақта қандай жануарлар мекен етеді?
2. Ағаштар мен басқа да өсімдіктердің қандай түрлері таралған?
3. Туған өлке туралы нақты мәліметтерді қандай ақпарат көздерінен алуға болады?



Ақмола облысы Солтүстік Қазақстанның шетсіз-шексіз даласында орналасқан. Өсімдіктердің таралуына *ендік аймақтылық* ықпал етеді. Облыстың жазық жерлеріне *далалы аймақтар* (селеулі, бетегелі дала) тән. Тауларда аймақтылық заңдылығы бұзылып, Көкшетау қыратының ұсақ шоқыларында, Ерейментау тауларында қайың мен қарағай өскен орманды дала алқаптары орын тепкен. Өзендердің бойы мен ірі тұщы көлдердің жағаларында шабындықты дала өсімдіктері өседі.


Ендік аймақтылық – физика-географиялық үдерістердің, табиғи кешендердің экватордан полюстерге қарай заңды түрде өзгеруі.

Ақмола облысында гүлді өсімдіктердің 830-ға жуық түрі кездеседі. Олар 73 тұқымдас түрге жатады (диаграмманы қараңдар).

Облыс жері негізінен жазық далалы және оның басым бөлігі жыртылған. Тың және тыңайған жерлер игерілгенге дейін шөпті-бетегелі дала болатын. Қазір даланың алғашқы күйі тек қайыңды шоқ орман шеттерінде, тұщы көлдер маңайында, шағын өзендер алқаптарында ғана кездеседі.

Шоқ ормандардың жалғыз өскен ағаш немесе негізінен қайың ағашынан тұратын кішігірім орман сипаты бар.

Шөпті-бетегелі далада *қызыл селеу, қылқан селеу, бетеге, қоңырбас, дала жоңышқасы, таспашөп, жесбіршөп, қазтабан, сәбізшөп* және *жусан* таралған. Өзен мен көлдерге жақын жерлерде түрлі шөпті-шалғынды дала кездеседі. Бұндай жерлерде боз бетеге мен көде, жатаған бидайық, арпабас сынды шөптер көбірек ұшырасады.



- алабұталар тұқымдасы
- астық тұқымдасы
- бұршақ тұқымдасы
- қашқаргүл тұқымдасы
- басқа тұқымдастар

Ақмола облысында өсетін өсімдік түрлерінің сандық диаграммасы

Шоқ орман – жазық далалардағы шағын орман.



Бурабай



Беткейдегі орман. Ерейментау

Ақмола облысында жарганаттардың (қолқанаттылар отряды) мұртты, су, тоған және солтүстік жарганаты секілді түрлері мекен ететінін білесіңдер ме?



Селеулі дала

Облыстың оңтүстігіне құрғақ климат тән. Сортаң және ащы көлдер көбірек. Мұндай жағдайларда өсімдіктердің шабындықта, шөлейт жерде таралған галофитті түрлері – бетеге, қызылмия, жусан, далазығыр және басқалары өседі. Есіл, Нұра, Құланөтпес сияқты ірі өзендер жағалауларында, Қалқұтан өзенінің және Теңіз-Қорғалжын тобындағы көлдердің төменгі ағысында кең ауқымды су басатын шалғындар (бидайықты, айрауықты, арпабасты) кездеседі. Олар шабындық ретінде қолданылады.

Галофиттер – сортаң топырақта тіршілік етуге бейімделген өсімдіктер.

Облыстағы ұсақ шоқыларды Көкшетау қыраты және Ерейментау таулары сияқты аласа таулар құрайды. Олардың биіктігі – 800–1000 м. Тау етегінде дала өсімдіктері (селеу, бетеге, жусан) өседі. Таулардың басы мен беткейінде шабындықтар мен ормандар жайылған. Ерейментауға қайыңды-көктеректі шоқ ормандар тән. Олардың ішінде жабысқақ қандыағаш реликт тоғайы сақталған. Көкшетау қыратының шоқыларында қайыңды-көктеректі ормандар басым.

Зерендіде, Бурабай мен Сандықтау жартастарында қарағайлы ормандар жайқалады. Қаражидек пен қызылжидек кездеседі. Бұл – олардың таралу аймағының оңтүстік шегі.

Жарқайың ауданында адырлар арасындағы еңістерде бірегей қайың-терек тоғайлары өседі.

Аймақтың жануарлар әлемі сүтқоректілердің 55 түрін, құстардың 180 түрін, қосмекенділердің 3 түрін және балықтардың 30-ға жуық түрін құрайды.

Облыста орманды және шөлді жерлерді мекендейтін жануар түрлері сирек кездеседі. Кейбір түрлері реликтілерге жатады. Мәселен, еуропалық кірпі, қызыл тышқан, ақ құр, ірі ала және қара тоқылдақ, арқар, алабажақ сайрауық, қара отқұйрық торғай, бозжылан, қоқиқаз.

Ормандарда бұлан және сібір елігі, сілеусін және ақкіс, ақ қоян, тиін, еуропалық кірпі, қызыл тышқан және орман тышқаны, жертесер кездеседі (Сандықтау, Зеренді, Бурабай, Бұланды аудандары).

Құстардан құр, ақ шіл, тоқылдақ, шымшықтар (үлкен ұзын құйрықты, қыр, қара басты шөже торғай), сары торғай, көкек, орман кептері, ақшыл қанат сайрауық, мысықторғай мекен етеді. Шоқ ормандар мен жазық далада үкі, бүркіт, жамансары, қара кезқұйрық, күйкентай секілді жыртқыш құстардың ұшқанын жиі байқауға болады.

Жақсы, Жарқайың, Қорғалжын, Егіндікөл, Целиноград секілді оңтүстік аудандардың сүтқоректілері алуан түрлілігімен ерекшеленеді.

Жазық далалардағы жануарлар әлемі біркелкі. Тек оңтүстік бөлігінде ғана жануарлар саны көп. Жыртқыш аңдардан қасқыр, түлкі, қарсақ, дала күзені; кеміргіштерден қарапайым атжалман, дала суыры, сарышұнақ (солтүстігінде – қызыл шекелі, оңтүстігінде – аласасы), үлкен қосаяқ, ала тышқан, алақоржын, тоқалтіс кездеседі.



Сібір елігі

Облыс ормандарына ақ тиін бейімдендірілген. Оның мекен ету аймағы – Орал таулары мен Сібір ормандары. Облыстың тағы қандай жануарлары осы аймаққа бейімдендірілген?



Ақ тиін

Дала суыры қазақ даласында кең таралған. Қазір саны қысқарып, жойылуға шақ қалды. Жойылуының басты себептері – жерлердің жыртылуы, еті, майы және терісіне бола аулау.



Дала суыры



Ақбас тырна



Мөңке балық

Кей кездері далаларда орқоян, дала шикылдағы және құлақты кірпі кездеседі. Көлдердің жағасын қабан, ондатр, борсық мекендейді. Дала құстары арасынан бозторғай (дала, мүйізді, ақ және кара қанатты) түрлері көп кездеседі. Ірі құстардан сиреп кеткен ақбас тырнаны айтуға болады.

Даланың жыртылуы дуадақ пен безгелдек санының азаюына әкелді. Жыртқыш құстардан дала бүркіті, ителгі, күйкентай кездеседі. Су қоймаларында қасқалдақ пен сұтартар, сұқсыр (сұр, кішкене, кара мойын секілді түрлері), шағалаларды (күміс шағала, көкшіл шағала, көл шағала, бізтұмсық шағала), қарқылдақ (өзен, кара, аққанат, ақжақты, үлкен) кездестіруге болады. Су қоймаларын сары, сұр және ақ құтан, үлкен әуілдек мекендейді.

Өзендерде алтын мөңке балығы кең тараған. Аққайран, торта, қарабалық, шортан, сібір тарғақ балығы, өзен алабұғасы, таутан, нәлім, күміс мөңке, тасбас балық та кездеседі.

ҚР Қызыл кітабы – Қазақстанда сирек кездесетін және жойылып кету алдында тұрған жануарлар, өсімдіктер мен саңырауқұлақтар тізімі.

Жануарлар әлемінің ауқымды бөлігі саны аз немесе Қызыл кітапқа енгізілген жануарлар санатына жатқызылады. Сирек аң-құстардан арқар, ителгі, бүркіт, дуадақ, ақбас тырна, қарашақаз, қалбағай, тарғақ,

ақиық бүркіт, дала бүркіті, бұйра бірқазан, ақбас үйрек, түйғын, безгелдек, қоқиқаз, қарабас күлегеш кездеседі.




Бұйра бірқазан

Ассоциограмма – бір тақырып аясында мәтін немесе графикалық бейне түрінде ассоциация берілген кесте.



1. Ассоциограмманың бос ұшықтарын толтырыңдар. Сары ұяшық географиялық облысты немесе ауданды, жасылдары – өсімдік, сарғылттары жануарлар түрлерін білдіреді.
2. Облыстың сызба картасына жануарлардың бірнеше түрінің таралу аумағын енгізіңдер.



1. Ақмола облысында өсетін өсімдіктердің негізгі түрлерін атаңдар.
2. Облысты мекендейтін жануарлардың қай түрлері реликтіге жатады?
3. Өңірлеріңде Қызыл кітапқа енген қандай жануарларды кездестіруге болады?

§ 8. Туған өлкемнің визит карточкасы: өлкетанудың деректер базасын әзірлеу

Еліміздің әр аймағының бай табиғаты, өзіндік тарихы, көптеген көрікті жерлері бар. Өлкенің қызықты жерлері, тарихы туралы қысқаша мәліметтерді визит карточкасы түрінде ұсынуға болады.

Өлкетану деректер базасы – әртүрлі сипаттағы ақпараттар жиынтығы.

Туған өлкенің визит карточкасы – облыс, аудан немесе бір елді мекен туралы қысқа мәлімет. Ол қарапайым болады. Карточканы жасау келесі кезендерден тұрады:

1) Визит карточкасының мақсатын анықтау керек. «Кімге арналады?» деген сұраққа нақты жауап қажет. Нәтижесінде мазмұнын толықтыратын мәліметтер дұрыс жинақталады.

Визит карточкасының жалпы, географиялық-өлкетану және тарихи-өлкетану секілді түрлерін бөліп көрсетуге болады. Олар мазмұны бойынша ажыратылады. Географиялық-өлкетану карточкасында табиғат туралы мәлімет көрсетілсе, тарихи-өлкетану карточкасында тарихи оқиғалар мен тұлғалар туралы, ал жалпы түрінде аймақ, халқы, әкімшілік құрылысы т. б. туралы мәліметтер беріледі.

2) Өлкетану базасына сай мәліметтерді жинақтау. Өлке туралы мәліметті өлкетану музейінен немесе кітапханадан табуға болады. Еліміздің аймақтары туралы түрлі энциклопедиялар бар. Оларда өлкенің табиғаты, тарихы мен экономикасы туралы ақпараттар беріледі. Қосымша ғаламтор желісінің ақпараттарын қолдануға болады. Дегенмен оларды нақтылап алған дұрыс.

3) Қажетті материал жинақталған соң визит карточкасының бөлімдері үшін нақты мәліметтер таңдалып алынады.

Визит карточкалары сабақтан тыс және түрлі өлкетану шараларында қолданылады. Кей кездерде визит карточкасындағы ақпарат жеткіліксіз болуы мүмкін. Мәселен, облыс туралы ғылыми жобаларда туған өлке туралы мәлімет ұсыну

ТАНЫСТЫРУ КАРТОЧКАСЫНЫҢ АТАУЫ

1. Аумағы

2. Халықтың саны

3. Әкімшілік орталығы

4. Аймақтың басшылығы

5. Құрылу уақыты және т. б.

Визит карточкасының құрылымы

кажет. Бұл жағдайда кеңейтілген (анықтамалық) визит карточкаларын пайдаланған дұрыс. Оларға: *буклеттер, баннерлер, таныстырылымдар, бейнежазбаларды* жатқызамыз.

Мультимедиа – дыбыс, анимация, бейнежазбалардың үйлестірілуімен берілетін мәліметтер.

Визит карточкасының түрлері

Жалпы

Сандықтау ауданы

- Аумағы – 6 400 км²
- Халқы – 18 673 (01.01.2018)
- Әкімшілік орталығы – Балкашино а.
- 1936 ж. құрылған
- Әкімшілік бөлінуі – 15 ауылдық округ
- Көрікті жерлері: ауданның өлкетану музейі, Безымянная тауы, Жақсы Жалғызтау және Құмдыкөл көлі

Географиялық-өлкетану

Жарқайың ауданы

- Аумағы – 12 100 км²
- Халқы – 14 298 (01.01.2018)
- Әкімшілік орталығы – Державинск қ.
- Таулары: Сарыадыр
- Биік шыңы: 391 м
- Өзендері: Есіл, Тасты-Талды, Жыланды, Мойылды, Шабдар
- Көлдері: Шойындыкөл, Жаркөл, Барлыкөл, Айдаркөл
- Жануарлар әлемі: қасқыр, қарсақ, қоян, қосаяқ, күзен

Тарихи-өлкетану

Ақмола облысы

- Аумағы – 146,2 мың км²
- Халқы – 738 611 (01.01.2018)
- Әкімшілік орталығы – Көкшетау қ.
- Тарихи мәліметтер: құрылған күні – 14.10.1939 ж., 1961–1992 жж. – атауы Целиноград облысы болып өзгертілді. 1992 ж. атауы Ақмола облысына ауыстырылды және орталығы Ақмола қ. болды. 1997 ж. – құрамына Есіл, Жарқайың және Жақсы аудандары кірді. Еңбекшілдер, Бурабай, Зеренді аудандары 10.04.1999 ж. қосылды



«Флора және фауна» тақырыбының материалдары, сондай-ақ төменде келтірілген мәліметтер бойынша тарихи-өлкетану және географиялық-өлкетану визит карточкаларын жасаңдар.



Анықтамалық визит карточкасы

Ақмола облысы – Қазақстан Республикасының әкімшілік-аймақтық бірлігі. Облыс құрамына облыстық маңызы бар екі қала (Көкшетау, Степногорск), 17 аудан, аудандық маңызы бар 8 қала, 5 кент, 607 ауыл кіреді. Аумағы – 146,2 мың км². Әкімшілік орталығы – Көкшетау қаласы.

Ақмола облысы «Орынбор дала облыстарын және Батыс-Сібір генерал-губернаторлығын басқарудың уақытша ережесіне» сай 1868 ж. 21 қазанында құрылған. Ресей империясының құрамына кірді. Орталығы Омбы қаласында орналасты. Империяның XIX ғ. Орта Азиялық иелігінің (Орал, Торғай, Семей, Жетісу, Ферғана, Сырдария, Каспий сырты) ішіндегі Ресейдің ең ауқымды облысы болды. Оның аумағы батысында Ұлытау және Есіл өзенінен солтүстік-шығысындағы Ертіс өзеніне дейін созылып жатыр. Ені шамамен 45°-тан 54°с. е., ұзындығы 95°-тан 105° ш. б. Аумағы 594 672,6 км² (соның ішінде көлдерімен бірге 11 747 км²) құрайды. Қазіргі уақытта бұл аймақ Ақмола облысы (орталық), Солтүстік Қазақстан облысы (ҚР) және Омбы облыстары (РФ) арасында бөлінген. 1887 ж. халық саны 463 347 адамды құрады. Құрамына Ақмола, Көкшетау, Омбы, Петропавл және Атбасар уездері кірді. Геологиялық тұрғыдан көкшетаулық ежелгі тас қабаты ретінде көрсетілген. Сол жерде Көкшетау қыраты орналасқан. Шығысында Ерейментау тауларының сілемі, Оңтүстік батысында Торғай жылғасының орманы, Орталық бөлігінде Есіл өзенінің алқабы бар.

Басты қаласы Ақмола (Целиноград, қазір Астана) болды. Ол Есіл өзенінің Нұра өзенімен анағұрлым түйіскен жерінде орналасқан. 1862 ж. құрылған. Қарқаралы қ. бекетті жолымен, Ақтау және Көкшетау бекінісімен байланыстырылған. Ташкент және Бұқарадан келетін керуендердің жиналатын орны болып саналды.

1961 ж. 20 наурызы Ақмола атауы Целиноград болып өзгертілді. 1961 ж. 24 сәуірі 14 ауданнан тұратын Целиноград облысы құрылды, орталығы Целиноград болды. 1992 ж. Целиноград атауы қайтадан Ақмолаға (1998 ж. – Астана қ.), ал облыс Ақмола облысына ауыстырылды.

1999 ж. 10 сәуірі Солтүстік Қазақстан облысының оңтүстіктегі үш ауданы (Зеренді, Щучье, Еңбекшілдер), Көкшетау, Щучье және Степняк қалалары Ақмола облысына кірді. Әкімшілік орталық Көкшетау қаласына ауыстырылды. Климаты континенталды, қысы суық және ұзақ, жазы қоңыржай. Қаңтар айының орташа температурасы: $-6 - -18^{\circ}\text{C}$, шілде айыныкі $+19 - +21^{\circ}\text{C}$. Оңтүстігінде қар – 130–140, солтүстігінде 150–155 күнге дейін сақталады.

Облыс аймағында Есіл өзені және оның Қалқұтан, Жабай, Терісаққан және басқа да салалары бар. Облыста 94 тұщы көл, 40-қа жуық су қоймасы бар. Топырағы қара, қызғылт және ашық қызғылт түсті.



Тәуелсіздік алаңы.
Көкшетау қ.



Визит карточкасын құрастыру үшін аудан орталығы немесе табиғи-географиялық нысан туралы «Менің туған өлкем» электрондық энциклопедиясына арналған мақала дайындаңдар.



1. «Туған өлкенің визит карточкасы» дегенді қалай түсінесіңдер?
2. «Көкшетаудың жабайы табиғаты», «Ақмола облысының қалалары» жұмыстарын жасау кезінде визит карточкаларының қандай түрлерін қолдануға болады?
3. Аудандар географиясын және облыстың табиғи аймақтарын қарастырған кезде визит карточкаларын қолдану мүмкіншіліктерін көрсетіңдер. Мысал келтіріңдер.

Қос тілде оқимыз
Читаем на двух языках

ХРЕСТОМАТИЯ

Бұл бөлімде Ақмола облысынан шыққан ақын-жазушылардың шығармашылығымен танысасыңдар.

Туындыларды өздерің не мұғалімнің ұсынысы бойынша таңдап алып, оқуларыңа болады.



Сейітжан Омаров
(1907–1985)

Абай сөзі

(Балалық шақтың естелігі)

Қыс...

Күн батып, ымырт үйіріле бастаған мезгіл еді. Үйдің ішіне қара көлеңке үйелеп, қараңғылық қоюлана түскен.

Ортан белінен қойдың кептірген қарнымен жамаған сықсима екі терезе біздің атам заманғы итиген шым үйімізді онсыз да өмірі жарыққа жарытып көрген емес.

Мен салқын тиіп ауырып жатыр едім. Терлеп, көзім ілініп кеткен екен. Ұстарамен тып-типыл етіп қырғызып тастаған тақыр басымды әлдебіреу дөрекі алақанымен сипағандай болды... Денем тітіркеніп шошып ояндым. Ұйқылы көзіммен қарасам, қасымда еңгезердей біреу отыр. Оның қожыр-қожыр бұжыр бетіне секемдене қарадым. Анадай жерде, сол жақ бұрыштағы кикиіған аласа төсек ағаштың алдында сұлық отырған кәрі әжем жамбасымен жылжып келіп, маған жақындай түсті.

– Басыңды көтер, қарағым... Серкеш жездең келді, – деді.

Менің өз шешем, оны мен апа деп атайтынмын, мұңдана сөйлеп, терезе алдында шамның шөлмегін сүртіп тұр.

– Аурудан шықпай-ақ қойды... Қымс етсе, қалпақтай түседі.

Серкеш мені мүсіркеп, маңдайымнан иіскеді, екі бетімді алма-кезек сүйді.

– Жасыңда көп ауырса, өскенде дені таза болады, – дегенде, оның үнінен айтқаны айнымай келетін, еш уақытта бекер сөйлемейтін, ақылды жанның лебізі аңғарылды.

Әжем Серкешке қарап отырып:

– Атыңды доғарып, жабулап отырсаңшы, – деді. Сонда сыпсың құйрық, қайқы бел, маймақ аяқ бурыл ат, өмірі оның үстінен түспейтін сауыс киіз жабуы, қайқы бас жадағай шанасы есіме түсті.

Жездем тысқа шығып, атын жайлап келді. Апам шам жағып, іңір шайының қамына кірісті.

Серкеш әкем қайтыс болғаннан бері біздің үйге жиі келетін. Жүзінен мейірімділігі көрініп тұратын момын адам. Ол келгенде көңіліміз көтеріліп, бір жасап қаламыз. Өзі күні-түні ертегі айтудан, қызықты қиссаларды бізге оқып беруден бір жалықпайды. Өзінің айтуында «түрікше хат танырлық» білімі ғана бар... Ептеп домбыра шертеді... Бойындағы бір кемшілігі құлағы мүкістеу, ақырын айтқанды естімейді.

Серкеш жездемді көргеннен-ақ бойым көтеріліп, көзім шырадай жанды. Орнымнан атып тұрып, мойнына орала кеттім. Ол менің бетімді аймалап қайта-қайта сүйіп жатыр.

– Оқуды көбейттің бе? – деп менің көзіме тура қарады. – Кітап оқи аласың ба? – деді. Ірі әріппен басылған жеңіл-желпі кітаптарды оқуға ғана шамам келетін.

Серкеш өкінген пішінмен таңдайын қағып, басын шайқады.

– Араптың шатпағымен баланың басын қатырғаннан басқа молда не үйретеді дейсің? Түрікше жазылған киссаларды, жеңіл-желпі кітаптарды өз бетіңмен көп оқып, тіліңді жаттықтыра бер, – деп, маған ақыл айтты.

– Ағанды сағындың ба? – деді ол бір кезде маған.

Мұны айтқанда оның әдетте қырылдаңқырап шығатын жуан дауысында әлденендей діріл пайда болды.

– Сағынғанмен ағасы келе ме? – дегенде әжемнің дауысы жасқа булығып, баяу шықты.

– Сағындым... – дедім мен көзіме келіп қалған жасты әрең іркіп.

Әжем екеуіміздің соңғы сөзімізді естімесе керек, Серкеш алғашқы айтқанын екінші рет қайталады.

– Баланың көңілін бұзып қайтесің, – деді әжем оған естірте.

Сонда Серкеш маған аса бір мейірімді жүзбен қарап:

– Тау... дай жігіт бол, ағаңның атын жоғалтпа, – деді.

Жездем өзінің осы тілегін келген сайын айтады. Айтқан сайын бойым өсе беретіндей бір ғажап әсер пайда болады маған.

Серкешке риза болған әжемнің оған айтар жауабы да өзгермейді.

– Құлыным әлі-ақ ер жетер, бірақ ол өсіп жігіт болғанша ес кетер...

Неліктен екенін қайдан білейін, әжем соңғы кезде кілең өлендетіп, ұйқастырып сөйлейтін болды. Ол сонау алыстағы Ертіс бойын мекендейтін төркін жұртын, ата-бабаларымыздың Баянауылдан осы жерге жаяу-жалпы шұбырып келгенін еске түсіріп, өлендетіп кететін. Өзі «әліпті таяқ» деп білмесе де, біреуге қисса оқыттырғыш-ақ. Өлең-жырды да құмартып тыңдайды...

– Мұның өзі де, – деп Серкеш әр жерінде теңбіл жамауы бар қоңыр шапанының қойын қалтасынан бір қалың қара дәптерді суырып алды. Бөлменің ішін жаңғырықтырып қатты жөтелді де, дәптердің беттерін бір-бірлеп ақтарып отырып сөзін ілгері созды: – Бұл бар ғой, әдеттегідей, Қазандағы Қаримовтар нашриятында тасқа басылған кітап емес... Мына, Бейсен баласы Серкеш пақырдың өз қолымен жазылған ерекше кітап. Мұнда жазылған өлендерді Құнанбай баласы Абай дейтін үлкен ақын шығарған. Оның сөздері шәлдірік ақынсымақтардың сөзіндей емес, таптырмайтын қымбат өлең... Әжем мен апам Абай жайын құштарлана сұрап еді, Серкеш былай деп жауап берді:

– Сонау Қарқаралының ар жағында, Аягөздің бер жағында, Шыңғыс тауын мекендейтін Тобықты деген қалың ел бар... Қазақтың атақты дана ақыны Абай Құнанбай баласы сол жерде туған.

– Ол кісі тірі ме? – дедім мен.

Сонда Серкеш өзінің қимас туысынан айырылған мұңды жандай қабағы түнеріп, қинала жауап қатты:

– Өлгеніне биыл аттай он бір жыл болды... Төртінші жылы қайтыс болыпты, сабаз... Ойланып қалды да үзілген сөзін қайта жалғап әкетті: – Ондай адамды өлді деуге болмайды... Себебі – «артында өлмейтұғын сөз қалдырды»...

Абай өлеңдері жазылған бір дәптерді Қарқаралы жағынан жер ауып келген бір жігіттен қоярда-қоймай сатып алғанын айтты Серкеш.

– Биыл, – деді ол, – табаны күректей он дәптерге көшіріп, ел арасына тараттым... Абайдың өлеңдерін, тіпті, ит арқасы қияндағы Қарағойың – Қашырлы еліне де лек-легімен жөнелттім.

Серкештің қолында тамаша жақсы өлеңдер бар дегенді естіген елдердің адамдары алыстан ат сабылтып іздеп келіп, қолқалап көшіртіп алады екен.

«Біреудің сөзін сатып күнімді көрмей-ақ қояйын, бір тиын алмаймын», – дегеніне қоймай ақы төлейтін болыпты.

Өзі ғажап ертегілер айтқанда немесе біреуге қисса оқыттырып тыңдағанда жабылған қабағын бір ашпайтын, әжімді ашаң жүзі сұрланып, нұрсыз кара көзі жасаурап отыратын әжем осы арада шұғыл өзгерді. Жүзіне жұқалаң қан жүгіріп, көз жанары өзгеше бір жаңа жосықпен мөлдірей қалды.

– Абай деген елден асқан ақын бар дегенді бұрын да еститін едім... Сөзі де құлағыма еміс-еміс шалынатын еді. Бұйырса, сенің арқаңда оқытып бір кенелейікші, – деп Серкешке ризалық көңілін білдірді.

– Біздің ауылдың жігіттері Абай өлеңдерінің көбін жаттап алды, – деді Серкеш, – жақсы сөз жата ма, бір елден бір елге тез тарап кетті... Мен өзімнің елу жыл жасаған өмірімде мұндай асыл өлеңді естіген емеспін...

Жыл сайын Атбасар базарында құранды бірдеңелерін айтып, ақша жинап алатын анау ақынсымақтар Абайдың ширегіне де келмейді...

Ауыз үйдегі шаруасын тындырып келген апам әжемнің сол жағына орнығып отырды. Кимешегінің алқымынан шығып тұрған бір шоқ шашын жалма-жан жасырып қойып, Серкешке естірте қатты сөйледі:

– Абайдың өлеңдерін әнге қосып, домбырамен айтсаң қайтеді, жезде!

– Бұл секілді асыл өлеңдерге менің майсыз арбадай барылдаған дауысым пар келмейді ғой, – деп, болар-болмас мырс етті Серкеш...

– Қайтер дейсің, тәйірі. Мұнда бөтен жерден кім бар... Айта берсейші, – деп дем берген әжеме Серкеш жауап қатқан жоқ. Үйінен ала кел-

ген көне қара домбырасының құлағын қатайтып, бұрап-бұрап жіберіп, дыңғырлатып күйіне келтіріп алды.

– Әуелі Абайдың бір өлеңін домбыраға қосып айтып берейін, – деді ол.

Біз құлаққа ұрған танадай тына қалдық. Ол бастап жіберді:

...Алыстан сермеп,

Жүректен тербеп.

Шымырлап бойға жайылған...

Қиядан шауып

Қисынын тауып,

Тағына жетіп қайырған...

Қара домбыраның қос ішегін іліп-тартып, пернелерін нық-нық басқанда салалы саусақтары жып-жып етеді. Барқыраған жуан даусын көтере созып, біраз шалқып-шалқып алды да, домбырасын көлденең ұстап, кілт тоқтай қалды. Көңілді пішінмен тісін ақситып, көзінің құйрығындағы сай-сай әжімдері жиырылып тағы да әндетті:

Домбыра екі шекті, сегіз перне,

Жарасар әшекейлеп айтсам терме...

– Абай сөзінің қасында осы да өлең болып па?..

Серкеш Абайға қайта оралды. «Тағы да, тағы да!» – деп әжем мен апам құмарта құлдық ұрды, олармен қосарланып мен де жалынамын. «Қалай екен? Абай сөзі сендерге ұнады ма?» – деп Серкеш домбырасының ішегін жайымен шертіп қойып, жайнаң қағады.

Молданың алдын көргеніме бір-ақ жыл болса да, ой-өрісіме саңылау кіре бастағанын осы арада анық сездім. Жақсы сөздің парқын айыра бастаған сияқтымын. Әжемнің ертегілері маған аспаннан, қалың қара бұлт арасынан бұлдырап елес беретін тұрлаусыз бірдеме сықылды болып сезілетін еді... Ал, мына Серкештің аузынан естіген Абай сөздері тулағыш жас жүрегімнің нәзік қылын дәл басқандай, шөлімді қандырғандай, бойым мен ойымды лезде билеп алды.

Ішінде іліп алар бір мүлкі жоқ, тар бөлмеміз далиып, кеңейіп кеткендей болды... Әжем мен апам рақаттана масайрады.

Бойына нық орнап қалған дерттен бірте-бірте сауыға бастағаныңды сезіну қандай! Бұл – балаға да, ересек адамға да ортақ сезім. Өмірге жаңа келгендей жаның жадырап, ауызбен айтып жеткізе алмайтын бір рақатқа батасың... Күн көзіне, жер бетіндегі тіршілік суреттеріне құмартып қарайсың... Абай сөзін алғаш естігенде мен нақ осындай күйге түстім.

– Өзің оқи аласың ба? – деді Серкеш қара дәптерді маған беріп жатып. – Әлде оқып берейін бе?

– Оқуға былтырдан бері ғана барып жүр ғой, онда да оқығанынан ауырып жатуы көп, – деді әжем мұнайып. – Қарасын ептеп танығаны болмаса, мүдірмей оқи алар дейсің бе? Бәріміз де тыңдайық, өзің оқысайшы.

Шай ішіп болғаннан кейін Серкеш қалың қара дәптерді қолына алып, сығырайған жетілік керосин шамның жарығымен оқуға кірісті. Біраз оқығаннан кейін әжемнің қабағы онан сайын жадырап кетті.

– Қиссаларды оқытқанда сөздерінің көбіне түсінбейтін едім... Шырағым-ау, мына Абай ақынның сөздері тайға басқан таңбадай сайрап тұр ғой, өзі... Көңілімді ашып жібергенін қарашы! – деді.

– Менің де қараңғы көкірегімді шайдай ашты Абай сөздері, – дегенде, Серкештің даусы қоңыраудай сыңғырлап шықты.

Абай сөздері менің де құлағыма жағып барады. Оқыған сайын көкірегім ашылып, елігіп, құмарта түстім.

– Бұл өлеңдерді оқыдың деп молда балама дүре соқпай ма? – деп әжем Серкештің бетіне жаутаңдай қарады.

– Молдадан жасырып оқы, кірлетпей ұста...

Абай өлеңдерін біраз оқығаннан кейін Серкеш оң тізесін басып, аузына телміріп отырған маған мейірімді шыраймен қарап былай деді:

– Көрдің бе? «Ғылым таппай мақтанба», – дейді Абай. Ол – дана адам. Онысы: оқы, үйрен, өнер тап дегені. Оқысаң, қор болмайсың.

Серкештің бұл айтқаны менің көкейіме қонып, көңіліме жағып кетті. «Оқы, үйрен, өнер тап» дейді, қандай жақсы сөз.

Әкем қайтыс болғалы екі жыл. Содан бері қабағымызды ашып, езу тартып көрген жоқпыз. Қит етсе, өксіп-өксіп жылай береміз. Біздің үйдің осы күйі тапжылмас дағдыға айналып еді. Көл-көсір көз жасы бізді биік құздың басынан домалаған тас секілді төмен құлдырататындай көретінмін. Сол шақта менің қиын істің мәнісіне терең бойлай алмайтын, көзімнің алдында көрініп тұрған сәл нәрсенің өзін шала шырамытатын, бастан кешірген ауыр халдің жеңілдігін тек көз жасынан іздейтін бала жүрегім Абай сөзінен бір үлкен, жаңа нышанды, жылы лепті аңғарғандай болды. Бірі жарқын елес беріп, қайсыбірі қайғы тұманындай түнере сезілетін, – әйтеуір алуан сипатта аласұрып үйіріле тоғысатын балалық шағымның сансыз көп сезімінің бәрінен Абай сөзі биік тұрғандай, өзіне құлата тартып барады.

Абайдың осы өлеңдері менің саған тартқан сыйым болсын, – деді Серкеш. – Қағаз тозады, өшеді... Жаттап, көкірегіңе жазып ал!

Мен үнсіз басымды изедім...

Жұмағали Саин
(1912–1961)

Маған күш бер

(Иван Франкодан)

Туғызған бар әлемді анамсың, жер,
Майданда қайыспайтын болайын ер
Күшіңнен көлдей болған түбіндегі,
Ей, ана, бір тамшысын маған да бер.

Жылылық бер кеудемді кернегендей,
Қан тасып, сезім көкке өрлегендей,
Адалдық, туысқандық бер адамға
Өмірде тасқындай боп кеулегендей.

Дүниені нажағайдай тітірентер,
Ұлы әмір, жалындаған өткір сөз бер.
Қайрат бер зұлымдықты жеміргендей
Мәңгілік әділдікті аңыз етер.

Қолға күш бер бұғауды талқандарлық,
Ойға ізгілік, жүрекке түссін жарық.
Бер еңбекті, өлсек те соныменен
Сол еңбекпен ілгері ұмтылалық!

Аққу әні

Қиясына шығып Кемер тауының,
Аққу әнін тыңдадың ба, бауырым?
Тыңдадың ба, күн сазына қандың ба!
Аққу болып өзің де әнге салдың ба!
Қос қанатын көкте баппен сабалап
Көлге қонбай ұшты ма аққу жағалап?
Сонда аспаннан төгілді ме сұлу ән,
Сонда саған жыр келді ме аққудан?

Сен қызығып қарадың ба,
көрдің бе?
«Келші, кел!» деп,
құшақ жайды көл кімге?
Кеме ішінде отырғандай сұлу жар,

Су үстінде ойнамай ма аққулар.
Білем, достым!
Шымырлатып бойыңды,
Аққу әні жетеледі ойыңды.
Әдемі жыр саздарына бөлендің,
Сүйдің таза періштесін өлеңнің.

Естай Мырзахметов
(1927–2008)

Мұхамет пен Құраш

Аузыма нәр салмағаным екі аптаға айналып қалды. Бар қорегім – сусын ғана...

Басына қиындық түскен адамға елдің бәрі ақылшы келетін әдеті емес пе? Ал ауырған адамға мұншалықты ақылшы көп болар ма! Бұрын кім білген?! Көзім енді жетті. Шын жаны ашып, ауыр халіңе дос пейілмен қабырғасы қайысатындар ақыл айтса – айналып кетпейсің бе?! Сені қинайтыны – жайшылықта өз ақылы өзіне жетпей жүргендердің енді саған ақылшыға айналғаны екен! Айтып отырғаны дұрыс па, бұрыс па, жөн-жобаға келе ме, келмей ме – ол арасын өзі де білмей, тисе терекке, тимесе бұтаққа деп астын-үстін аударып соға беруге жандары құмар. Сені ақылға жарытып, жарылқап тастағаннан бетер күпсиеді кеп. Және де бір айтып, екі айтып, сонымен тынса, оған құлсың ғой, жүйкеңді құртқанда, келген сайын, көрген сайын ақыл айтуға кірісе жөнелегенін қайтерсің?!

– Ой, тәбет-сәбет деген сөз бе екен, тәйірі... Тәбетің тартпағанына карама, тамақты өзінді өзің зорлап-зорлап ішіп ал!.. Сонда жақсы болады! – деді өзі асқа аса қомағай, ал суық тиіп, екі-үш күн жөтеліп жүргенге уайымдап өліп кете жаздаған бір ақылшым.

– Бал жеу керек. Біз балды көп жейміз. Өткен жылы август айында үш кило бал алып едік, содан бір-ақ килодайы қалыпты, – деді екінші бір ақылшым, он бір айда екі кило бал жегендерін мақтаныш етіп.

– Сізге қазы-қарта жеу керек! – деп соқты, қазы-қартаны кісі үйінде ғана күйедей соғып, өз үйінде балық, қара нан, таба-таба картоптан басқа дастарқанына адал ас қоймайтын бір сараң көршім.

Сонда күнді – түнге, түнді – күнге ұрып, азаппен арпалыса күйіп-жанып жатқан адамның асқа қарағысы да келмейтінін осындай көп ақыл айтқыштардың біреуі түсінсейші!.. Ас ішпесем, қуатым күннен-күнге кеми беретінін, әлсіреп қалатыным, нақ бір менің жетеме жетпейтіндей көретіндеріне қайран қалам!.. Мұндай ақылгөйлердің әбден мезі қып біткені сондай, біреу-міреу көңілге қонбастай ақыл айта бастаса-ақ

соңғы кезде терім тарыла қалатынды таптым... Қазір де кереуетім қасына орындық қойып, иығына жамылған ақ желеңнің кейін сыпырылып түскеніне де қарамай, келгелі құлағымды сарсытып замандасым Сәркен отыр. Әдейі халімді білуге келген соң «кет» дей алмай, жаным қиналған шақтағы әдетіммен көзімді жұмып, қыбырсыз-қимылсыз жатырмын. Ләм-мим жауап қатпаймын. Пайдасы аз үгіттен де, жанымның бір минут тыныштығы артық мен үшін!..

Дес бергенде, палата есігі сықыр етіп ашылды да, әлдекім ішке кірді.

– Әнекей, түскі асың да келіп қалды, кәнекей, менің көзімше тауысып ішіп алшы! – деді Сәрсен.

Одан құтылуыма сылтау табылғанына іштей қуанып, көзімді аштым.

– Жарайды, енді бар... Келгеніңе көп рақмет!.. Мен асымды ішейін, – дедім.

Ол бір түйір нан, бір тамшы сорпа қалдырмай ішіп-жеп алуыма ақырғы ақылды айтты да, қоштасып шығып кетті...

Күтуші әйел кереуетіме тақау тұрған тоқымдай ғана жатаған үстел үстіне тәрелкелерді үнсіз қоюда... Ақ желең киіп, басына ақ орамал тартып дедектеп ұшып жүретін қол тоқпақтай әдеміше келіншектің жанары жаудыраған ақ құба өңін де, биязы қимылын да ой көзімен көріп жатырмын. Ол маған «ас әкелдім» дегеннен артық сөз айтпайды. Өйткені операциядан кейінгі алғашқы күндері үгіт айта-айта, бірақ та еңбегі еш бола берген соң ақыры доғарған онысын. Күніне үш мезгіл осылай «ас әкелдім» дейді де, менің жауабымды тоспастан тымпындай басып шығып кетеді. Келесі айналып соққанында әкелген асын қаймағы бұзылмаған күйі, қайтадан жинап әкетеді.

Әлден уақытта палата есігі тағы да ашылды. Әлдекім аюша дүрс-дүрс басып кеп, оң қолдағы кереуетті ауыр сықырлатып отырды. Бұл дәу де болса Мұхамет. Екі ұрты қасқырдың ұртындай салбырап тұратын, көзі аларған қапсағай қара жігіт. Осында менен оншақты күн кейінірек келіп түскен еді. Алғашқы жөн сұрасқанда «ныспым Мұхамет болады» деп таныстырған өзін. Сонда мен күліп:

– Пайғамбарым-ай, ауырғанның арқасында сізбен де дәмдес-тұздас боламыз-ау енді, – дегенмін.

Қалжың сөзді құр өткізбейтін әзілкеш жігіттер менің сол айтқанымды қолма-қол іліп әкетісті де, «пайғамбар» атанып кете барды. Бауырмал Мұхамет көңілді жігіт боп шықты. Төсек тартып жатқалы қызметін көп көрдім. Дәу де болса, ол қазір де асын апыл-ғұпыл іше сап, мені тамақтандыру үшін палатаға өзге жігіттерден бұрын оралды. Келе сорпаны сапырып, бірдеме істеп жатыр. Темір қасықтың тәрелкеге тық-тық тиген дыбысы жиі естіледі. Сірә, сорпаға нәр қосу үшін аздап сары май салып, соны араластырып отырған болуы керек.

Сәлден кейін қасық дыбысы кілт тына қалды да, Мұхаметтің:

– Аға, асыңызды ыстық күйінде ішпейсіз бе? – дегені құлағыма тиді.

– Пайғамбарым-ай, іше алатындай халім болмай жатырмын-ау, – деп жауап бердім, көзімді жұмып жатқан бойым, қинала сөйлеп. Өз зауқым соғып бірдеме сұрайтын базбір кездерде болмаса, қысталаумен маған тамақ ішкізе алмайтынына көзі мықтап жеткен Мұхамет артық тынышымды ала қоймайтын. Менің әлгі жауабым оған жетіп жатыр. Енді ол өңі сәл құқылданып, аласы мол көзінен де, жүзінен де адамның жүрегін тебірететін аяушылық сезімі сыртқа тебе, менің бетіме телміре қарап, ұзақ отырады. Мен қиналған шақтарда оның өстетін әдеті.

Арада едәуір уақыт өтті. Бір кезде:

– Аға, мына асыңыз суып барады-ау, – деген оның даусы тағы естілді.

– Ішпеймін! – деп ширеңа бір-ақ кестім мен, мазамды алма деген кейістік білдіре.

Екеуміз тағы да үнсіз қалдық. Ұзамай Мұхамет:

– Аға, асыңыз мүлдем суып қалды-ау, ішсеңізші, – деді тағы да.

Бір айтпады, осымен үш айтты. Қиналған тән сәл де болса тыныс тілеп жатқанда, қайта-қайта мазалағаны жанымды жаман кейітіп жіберді.

– Ойпыр-ай, не қылған таскене адам едің өзің. Айттым ғой, ішпеймін деп... тамаққа зауқым соқса, сенің рұқсатыңды тосып жатыр дейсің бе?.. Қоймайсың ба енді, қақылдай бермей! – деп қатты айтып, қабағымды кіржиге, жүзімді теріс бұрдым.

Бұл сөз кімнің де болсын бетін қайтарып тастауға жетіп жатыр еді. Осыдан соң оның мені мазаламақ тұрсын, маңыма жолай қоюы да екіталай болар-ақ. Бірақ та Мұхаметтің өкпелеген баладай компылдаған дауысы тағы шықты.

– Аға-ау, маған несіне ұрсасыз, енді? – деді көңіліне алғандай үнмен – Бүгіндікке нәр татқан жоқсыз, бұл қалыпта қашанғы шыдайсыз?.. Мүлдем әлсіреп қаласыз ғой... Ең болмаса сорпасынан бірер қасық ішсеңізші, сары май салып араластырып қойдым. Нәр болады... Сонсоң мазаңызды алмайын.

Адам көңілі қылдан нәзік емес пе. Ал ауырған адам мүлдем бала көңілді келеді. Болмашыға қуанып, болмашыға кейіп қалуы оп-оңай. Мұхаметке әлгінде ғана кейіп қалған көңілім, енді теңіздей толқып тебіреніп кетті. Демалысым жиілеп, алқымыма әлдене кептеліп, сөйлеуге шамамды келтірмейді. Басқа біреу болса, менің ұрсып айтқан қатты сөзімнен кейін, бәлкім, қолды бір-ақ сермеп, орнынан тұрып кете берер ме, қайтер еді. Сыртқа шығарып айтпағанымен де іштей: «Ендеше, жатқаныңнан тұрма!.. Бұған жаным ашыса, ашу шақырғаны не қылғаны?» – деуі де әбден ықтимал. Мұхамет өйтпеді азаматым. Кейбіреулердің үйреншікті «ақылындай» емес, жанашыр, қамқор көңілмен бәйек боп отыр. Оның сөзін осыдан кейін далада қалдырсам, менің кім болғаным?..

Үн қата алмай әлі жатырмын. Екі бетім дірілдеп, еріндерім бүлкілдейді. Айқасқан кірпіктерімді ашсам жанарыма үйірілген жас төгіліп жүре берер ме, қайтер еді?!

Менің буырқанған астан-кестен көңіл күйімді таныды білем, енді Мұхамет те үнсіз қалды.

Іштей өзіме-өзім қайрат беріп, сапырылысқан көңілімді әлден соң сәл сабасына түсірдім де, оң қолыма қойған орамалды алып, көзімді ұзақ сұрттім... Содан кейін:

– Жарайды, пайғамбарым, басымды ептеп көтерші, кәне, – дедім дірілдеген бәсең дауыспен.

Арада бірталай күн өтті. Сырқаттың беті қайтар емес, қайта кәрі қатты ақпанның аязындай күшейе, қыса түсіп, тынысымды тарылтып босатпай қойды. Тұла бойым күйіп-жанып, аузымнан шыққан демім ыстық жалындай бет шарпиды.

Халдің азайғаны ма, қалай соңғы кезде қызуым қатты көтерілгенде, үскірік аязда жұқа киіммен қалған адамдай, тісім-тісіме тимей сақылдап, қалшылдап-дірілдеп қатты тоңатынды шығардым. Мұндайда кей-кейде, есімнен танып қалатыным да бар. Сондай бір жолы түн ішінде басым айналып, өзімді терең шыңырауға зымырап құлап бара жатқандай сезіндім...

Ессіз күйде қанша жатқаным өзіме белгісіз. Санам қайтып орала бастаған шақта алдымен сезгенім – безгегі ұстаған адамнан бетер тісім-тісіме тимей сақылдап, қалшылдап ұшып барады екенмін. Үстімнен зілдей бірдеме айқара басып жатыр. Аяғыма оттай ыстық бірдеме тиеді...

Көзімді аштым. Палата іші тас қараңғы. Ұйқыдағы жігіттердің қорылдаған, пысылдаған, ұйқысырап ыңыранған дауыстары естіледі. Қараңдаған әлдекім төсегімнің қасында құнжыңдап бірдемелер істеп жүр.

– Бұл қайсың? – дедім, еш нәрсені байыптай алмай мәңгірген күйде.

– Құрабаймын ғой, аға, – деп жауап қатты ол. Құрабай жасы жиырма үш-жиырма төрттер шамасындағы аласа бойлы, төртпақ жігіт болатын. Бұл да Мұхамет сияқты «ағалап» ұшып тұратын, жаны жоқ азамат. Сол мінезімен жұрттың бәріне жаққандағы, мен оны Құрабай деп толық атымен атамай, еркелетіп, жақсы көріп Құраш дейтінмін.

«Жаным-ау, осы түн ішінде Құраш не бітіріп жүр?» – деп ойладым. Аяғымды қарып бара жатқан мына ып-ыстық не нәрсе? Үстімнен басқан зілдей салмақ қайдан келген, тіпті қозғалтар емес?..

– Сен... не бітіріп... жүрсің? – дедім үзіп-үзіп сыбырлай.

– Есіңізден танып қалдыңыз ғой, аға. Қатты тоңып жатырсыз. Сіздің қиналған дауысыңыздан оянып кеттім де, жалма-жан аяғыңызға жылытқыш қойып, үстіңізді қалыңдатып қымтап жауып жүргенім ғой...

– Ә-ә-ә, – дедім мен мағынасыз.

– Енді азырақ ыстық шай ішсеңіз қайтеді?! Тез жылынар едіңіз...

Аузым құрғап, ернім кеберсіп жатқанын сонда барып білдім.

– Әкелші, – деп тамсандым.

Мұхамет пен Құраш екеуінің бірі күнде жатар алдында шай қайнатып, екі литрлік қызыл ала әдемі термосқа құйып қоятын... Құраш термостан стақанға шай құйып, оң қолына ұстады да, сол қолымен басымды демеп сәл көтерді.

Орта стақанға жуық ыстық шайды сыздықтай ұрттап түгел тауысып іштім. Әр ұрттам шай бойыма Мұхамет пен Құраштың жасаған жақсылығы сияқты, рақат жылылық таратып жатты!..

Стақан босаған соң, менің басымды еппен жастыққа қайта қойған Құраш:

– Тағы да құяйын ба, аға? – деп сұрады.

– Жоқ, болды... Рақмет, айналайын!..

Тағы да көп-көп алғыс айтпақшы едім, бірақ та, оған шамам келмеді... Жылынған бойым маужырап, бірден қатты ұйықтап кетіппін.

Адам өмірінде көп нәрсе кездеседі. Соның көпшілігі із қалмастан ұмытқа айналып жатады. Ал басыңа ауыр хал түскенде бөліскен жақсы көңіл ешқашан естен кетпекші емес!

Кәкімбек Салықов (1932–2013)

Көкшетау

Көкшетау – өзге таудың тәубесіндей,
Қызығы – құмартқан қыз әуресіндей.
Көлдегі Оқжетпестің суреті
Сұлудың айнадағы сәулесіндей.

Бурабай тауды айнала жатқан екен,
Жұмбақтас суға белден батқан екен.
Ақбура шөлі қанып, дөң асқанда
Қай сотқар көзі қиып атқан екен?

Қос өркеш көшкен бұлтты өкшелейді,
Сал бойын сандықтастар дестелейді.
Сыры көп ел аралап аңыз болған,
Қазағым еркелетіп Көкше дейді.

Аққу-қаз екеу-екеу ойнайды екен,
Нәзік жан махаббатқа тоймайды екен.

Сақ қыран шүйілсе де шер тарқамай,
От құшақ күйдірсе де қоймайды екен.

Қарағай қатпар тасты тесіп өскен,
Бәйтерек көкке бойы жетіп өскен.
Ақ балтыр ақ қайыңдар билегенде,
Тал ойнап, шілік басы желкілдескен.

Жан-жақтан жұпар ауа себіледі,
Екі аяқ бір басуға ерінеді.
Аспаннан күн сәулесін қуа келген
Ақ жаңбыр ақ маржандай төгіледі.
Айыртау Ақан, Біржан секілденер,
Сырымбет Құлагердей еркін желер.
Жалғызтау Үкілі Ыбырай сияктанса,
Өзіңнің сал-сері боп кеткің келер.

Тау – қорған атам қазақ жалауы бар,
Тау – көсем Абылай ханның алаңы бар.
Тау – дана Шоқан өскен баурайында,
Тау – батыр Мағжан аға Баяны бар.

Айтқаным көргенімнен аспағандай,
Екі көз шыр айналар тостағандай.
Көгеріп көк белбеудей Есіл жатыр,
Көкшетау әудем жерге тастағандай.

Тау – сері, сексен көлі етегінде,
Барады сексен қыздың жетегінде.
Япырмай, соның бәрін қияр ма екем
Соңыра көз жұмылып кетерімде?..

Сәкен Жүнісов
(1934–2006)

Сонарда

– Менің көптен бері айтып жүретін тілегім орындалды. Атам өзімен бірге мені қақпан құрып жүрген жеріне апаратын болды, – деп бастады Серік бұдан бірнеше жыл бұрын болған әңгімесін.

Айнала дала жым-жырт. Құлаққа ұрған танадай, тырс еткен дыбыс жоқ. Аппақ ұлпа қарға бөккен сонау белес-белес адырлар әрі ұзаған сайын бұлдырлана, шегі жоқ сияқты көрінеді. Әр жерде бөлек-бөлек шоғырлана өскен тырбық тал жердегі аппақ қардан айырғысыз.

Бұрын жұқа қардан ортан беліне дейін шығып тұратын қурайлар, бүгін әр жерде бір қылтияды.

Тұман түстес аспан дала жарық бола көгілдірленіп, айқындала бастады. Бір шөкім де бұлт жоқ.

Кейбір түн ұйқысынан жаңа тұра бастаған ауыл үйлерінің төбесіндегі пеш мойнынан көрінген сұйық түтін лезде қоюланып, тымық ауаға шұбатыла көтеріледі. Мен қарны кебежедей жалқау күрең биедегі атамның артына міңгесіп келемін. Бағана ауылдан шыққанда айырылмай құшақтай ұста деген соң, атамның беліне жабыса қалғамын. Әйтеуір жүре келе қолымды босата бастадым. Оны аңғармады білем, әңгімемен келеді.

– Бұрынғы қылшылдаған жас кезім болса ғой, бұлай қақпан аңдып жүрер ме едім. О, шіркін, жастық десеңші. Атам біраз үнсіз отырды...

– Осы тап сендердей күнімізде, қазір сен нешеде едің?

– Ондамын.

– Енді тап ол кез демей-ақ қояйыншы, одан сәл үлкендеу кезімізде-ақ түлкілеріңді қотанға қайырып әкелетінбіз. Осы күнгі балалар... Ай, бірақ оқуларың бар ғой... Біздің одан басқа өнеріміз, ермегіміз болды ма? Астыңа батып келе жатқан жоқ па-ай? Байқа, көрпенді түсіріп алма.

– Жоқ, ата, – деймін шыдамсыздық көрсеткім келмей. Екі қабаттап салған жұқа бөстек, шынында да жылжи береді. Көтеріле беріп астыма қарай тартып қалам.

– Екі-үш күн дым сызбай аңның соңында жүретін күндеріміз болатын. Осынау Қаройды айнала жортқан қасқырдың ізіне екі күн түсіп қуғанда, бір қажымаушы едік-ау. – Сонда көрінген ізге түсіп қуа бересіздер ме? Атам аз үнсіз келе жатты да, сәлден соң селк ете қалды.

– Сен бірдене дедің бе? Әй, аяғың тоңып қалмасын, бәлекет, атты бүйірлеп қой, аяғыңмен.

– Жоқ, тоңбайды, ата, – дедім сәл тоңази бастаса да жасырып. Әлгі сұрағымды қайта қойдым.

– Ә, оның неше түрлі қитұрқысы бар. Жақсы кәнігі аңшылар ізді салған жерден айырады. «Мынау аң ұзап кеткен, мынау алыс емес», – деп қолмен қойғандай білетіндер бар. Ал енді қай аңшы болмасын аңға шықпас бұрын, жауған қардың қай сонар екенін аңғарып алады.

Ол арқылы ізді айыру бәрінен де оңай. Шіркін, Жалтырдай аңшы ілуде кездесер. Ай, ол бәлекет...

– Ата, «қай сонар екенін» дегеніңіз қалай, қан сонардан басқа, енді қандай сонар болушы еді? – дедім, ұзақ әңгімеге кетіп бара жатқан атамды бөгеп.

Атам жауап бермес бұрын кеңкілдеп күліп алды.

– Қарағым-ау, қан сонардан басқа сонар болмайды деп ойлаушы ма едің? Одан басқа... әй, сен осы... тр-р-р, тоңып қалдың ғой деймін. – Аттың басын тежеп, артына бұрылып маған қарады. – Жерге түсіп жүгіріп алсаң қайтеді?

– Жоқ, ата, тоңғаным жоқ, – дедім, жерге түссем әңгіме үзіліп қалатындай, – жүре беріңіз, тоңсам өзім айтамын.

– Онда мейлің, әйтеуір үсіп қалып жүрме. Не айтып келе жатыр ем. Ә, иә, қан сонардан басқа «ұзақ сонар», «келте сонар» дейтіндері тағы бар. Ұзақ сонар деп жауып тұрған қардың кешкі мезгілде ашылып тоқтауын айтады. Бұл – аңшыларға нағыз жағдайсыз сонар. Себебі түн болып кеткеннен кейін аңшылық жасау қиындап, сонар дер кезінде пайдаға аспай қалады. Ал кеш мезгілінен таң атқанша жортатын аңдардың ізі көбейіп, олар бірін-бірі басып, шым-шытырық болып жатады да, аңшыларға іздін жаңа-ескілігін айыру қиынға соғады.

Кейде қар түні бойы жауып, дәл таң алдында ашылып кететіні де болады. Бұл қардан кейін жүрген аңның ізі әрі жаңа, әрі сирек болып сайрап жатады. Кездестірген ізіңнен аң алысқа ұзай қоймайды. Тың атпен соңынан түссең, көп ұзатпай-ақ соғып та аласың. Сондықтан бұл сонар аңшыларға таптырмайтын бірден-бір қолайлы сонар болып есептеледі. Мұны – «келте сонар» деп атайды.

Ал мына бүгінгі қан сонар – түн ортасына дейін жауып ашылған қар. Аңшыларға көбінесе кездесетін, міне, осы сонар.

– Сонау бір түп шидің түбінде мен құрған қақпан бар. Қазір соған барамыз, одан әрі тағы көре жатармыз, – деп атам үзеңгіге аяғын тірей, солай қарай көтеріле қарап тұрып қалды. Аздан соң, қалың байпақты қысқы етігінің өкшесімен биенің екі бүйірін тебініп қойды.

– Көресің бе, бір нәрсе қараяды қасында. Е, бәсе, қанды басың бері тарт! – деп шоқыта жөнелді.

Бағанағыдай емес, биенің жүрісі жайсызданып, әлем-тапырығымды шығара бастады, басым зырқ-зырқ етсе, ішім солқ-солқ етеді.

«Апырай, тез жетсек екен», – деп тілеп келем.

– Ішің түйілген жоқ па-ай, бәлекет, жайсыз болып кетті-ау деймін, ә? – деп қойды атам.

– Жо-oh-ho-оқ, – деймін, биенің ырғағына қарай мен де жауабымды түйіп-түйіп.

Бір топ шидің түбіне жеткенде, атам да, мен де қызық жағдайға қайран қалып тұрып қалдық.

Қарға көміле қойылған қасқыр қақпанына мойнынан түскен қарсақтың қарны жарылып, жып-жылы буы шыға шегі шұбатылып жатыр.

Мойны үзілуге жақындаған. Шарасынан шыққан көзі қанталап кетіпті. Алдыңғы жағынан орын таба алмағандай, домалана қыстырылған тілі езуінен жылтырып шығып тұр. Айнала опыр-топыр. Шашыраған қан. Қарсақ ізінен басқа, кішкене бір аңның келген ізі бар да, қайтқан ізі жоқ. Енді бір жалпақ із оңға қарай кеткен, онымен қатарласа қан аққан.

Атынан түсіп, әр белгіге еңкейе зер салып қараған атам, кішкене ойланып тұрды да:

– Гажап! Бұрын-соңды кездеспеген жағдай, – деп таңдайын бір қағып, атқа қайта қонды. – Не де болса мына кеткен қасқырдың ізіне түсеміз. – Білмейтіні жоқ деп санайтын тәжірибелі аңшы атамның мынадай таңдануы, мені одан бетер таңдандыра түсті.

Біз ізді қуалай кете бердік.

Бұл арадан шыға бергендегі қасқыр іздерінің арасы алшақ-алшақ.

Кей жерлерде бір орында қар шашып тұрып алған сияқты. Немесе әлде бір жаумен үлкен айқасқа түсіп, асыр салған ба дерсің. Жүре келе із арасы жақындай түсті. Шамасы жүрісі бәсеңдей бастаса керек. Қан тамшылары әрі көбейе, әрі қоюлана түскенге ұқсайды. Мына бір жерде баяу келе жатқан бір кіші аңның ізі көлденеңдей кездесті. Ол із осы жерден былай шұғыл бұрылып, әр жерден бір түсе, оңға қарай ұзап кеткен.

– Апырай, қасқырдың көзі жіті болушы еді, мына кеткен қоянды қууға да шамасы келмегені-ау, тегі, – деді, аз кідіре, кіші ізді көзімен ұзатып салған атам.

Енді біраз жүргеннен кейін, із қарға біресе тереңдей батып, біресе батпай ала-құлаланып кетті. Және қисық-қисық түсе бастады.

Із бойымен тамшылай аққан қан, енді үздіксіз сорғалап, ақ қағазға түскен қызыл сияның өрнегі сияқты анық көрінеді.

– Мына іздердің жаңа жауған қар астындағы бұрынғы беки бастаған қарға бір жағының ғана батып отыруын «ақсақ ойылу» дейді аңшылар. Бұл – қасқыр жүрісінің бәсеңдей бастауынан болған жай, – деп түсіндірді атам.

– Ата, ақырын жүрсе қасқыр соғұрлым ептеп баспай ма, қайта қатты шауып отырғанда көп батады емес пе? – дедім.

– Жоқ, Серік, қатты жүргенде қасқыр салмағы төрт аяғына бірдей түсіп отырады. Және көп аңның ішінде қасқырдай түзу жүретін аң кемде-кем. Түзу жүрсе алысқа шабады, қиналмайды, денесін еркін жинап отырады, қар үстінде жеңіл отыратыны да сол қасиетінен. Ал, енді, мына іздің қисық түсуіне қарағанда, қасқыр әлсіреп, түзу жүре алмай,

ырғалаңдай бастаған сияқты. Ал, қасқыр қанының барған сайын көбейе түсуінің себебін өзім де түсіне алмай келемін...

Біз ізге түсіп, бастарына көбік қардан қалпақ киген қалың қызылсуға жеткенде, шет жағында сұлап жатқан үлкен сұр қасқырдың үстінен шықтық.

Аттан түсіп, қасқырды қос ауыз мылтықтың ұңғысымен түртіп аудары берген атам, селк ете қалды.

– Серік, мына ғажапты қара! – деп қасқырдың тамағынан көзін алмастан, мылтықтың серіппесін ашты.

Атты тізгінінен жетелей, мойнымды созым. Жүрегім су ете қалды. Қасқырдың өндірісегін қиып, тамағының астына жабысып алған кішкене аңның құйрығы бұлаңдап қозғалады. Арқасы ақырын бүлк-бүлк етіп, қанды құмыға сорып жатыр. Аузы ырсиған қасқырдың ашулы езуі «әттең, қапыда кеттім, әйтпесе!..» деген өкінішін айтып жатқан секілді.

– Мынау күзен, – деді атам түсіндіріп. – Қақпандағы қарсақты боршалап кеткен осы күзен болды. Бұл кіші аң болса да, қауіпті-ақ. Бір нәрсеге атылғанда, мұның қимылына көз ілеспейді. Қасқыр келгенде, жемін қызғанып, тамағына жабысқан екен. Қысылған қасқыр құтылмасын білген соң, үйреншікті жеріне тартып отырған ғой.

Кеудесін кере, ауаны рақаттана жұтып, ауыр дем алған аңшы атам:

– Пай-пай, бірінің қанын бірі ішулерін қарашы бұлардың. Жыртқыштың аты жыртқыш емес пе! – деді мылтықтың серіппесін тартып қалып.

Сақау бәтеңке

Бөтен үйдің босағасына жаңа жеткен су жаңа бәтеңке жан-жағына тосырқай қарады. Өңшең ұсқынсыз, ескі-құсқы аяқ киімдер табалдырықтан төр үйге қарай шашылып жатыр. Табаны сөгіліп, тістері ырсиған салпы ауыз етік, бір жақ жамбасына қисайған құныс бәтеңке, қонышы бүктетіліп мыжырайған пима.

Қалай болса солай үйме-жүйме боп жатқан мұндай аяқ киімдерді бұрын көрмеген жаңа бәтеңке таң қалды.

Бір кезде оның тап алдында тұрған беті салтақ-салтақ, қисық өкше бір бәтеңке сөйлеп қоя берді.

– Әй, сен қайдан келдің, кімнің бәтеңкесісің?

– Мен бе? – деді жаңа бәтеңкенің бір сыңары, – мен Болаттың бәтеңкесімін, көрші ауылдан келдім. Ал өзің ше?

– Мен, мен осы үйдегі Шолақ деген баланикімін, – деді бетін тыржиытып. – Ал шыққан жерім – Алматы аяқ киім фабрикасы.

– Онда жерлес болдық қой, – деді жаңа бәтеңке.

– Жерлес қана емес, екеуміз де бір күнде фабрикадан шыққанбыз, құрдаспыз.

– Қойыңыз, – деді жаңа бәтеңке енді сыпайы сөзге көшіп, – Сіз, әлпетіңізге қарағанда, менен кемінде екі-үш жас үлкен шығарсыз.

– Е-е, бауырым-ай, мазақтайсың ғой, – деді көне бәтеңке ренжіп, – менің жер басып жүргеніме екі-ақ ай.

– Маған да солай.

– Сол екі айдың ішінде мен тартқан азапты көрсең, жаныңнан түңілер едің.

– О не азап соншама? – деді жаңа бәтеңке шын таңырқап.

– Егер тыңдасаң, айтайын, бәрібір қайда асығып барарсың. Біздің Шолақ, келген баланы, қашан үйдің астаң-кестеңін шығарып ойнамай, жібермейді, – деп күрсінді де, бастан кешкен оқиғасын баяндай бастады: «Мені дүкеннен сатып әкелісімен, қолды-аяққа тұрмай осы үйдің ерке-шолжаңы Шолақ киіп алды да далаға шықты. Шығысымен, көршінің өзі секілді балаларына айғайлап шақырып: «Міне, көрдіңдер ме? Көкем сатып әперді. Мұндай бәтеңке сендерде бар ма?!» – деп мақтанды. Балалар да оны құптады.

– Өзі құйып қойғандай шақ екен.

– Қандай әдемі!

– Әй, өзі айнадай жарқырайды, бетіне сәуле түседі, – десіп жатыр.

Мен де күн сәулесіне шағылысып, жымыңдап қоямын. Бірақ қуанышым ұзаққа бармады.

– Өзінің былғарысы жақсы екен. Бұған су да өтпейтін шығар, – деп еді бір бала. «Әрине, өтпейді», – деді Шолақ, жүгірген бойы жолға жиналған жаңбыр қағына перді де кетті. Қойны-қонышым суға толып, қоймалжың батпақ көзіме тығылып, тұншығып бара жатырмын, Шолақтың кәперіне түк кірмейді.

– Су түгілі, дым білінген жоқ, – деп, қақты кешіп шалпылдатып жүр.

– Ой, бауырым-ай, сол күннен былай табаным сыздан, көзім балшықтан бір арылып көрген емес. Бір күні балалармен үйдің қасында ойнап жүрген Шолақ мені шешіп алды да, бұзау байлайтын қазықтың басына іліп қойды. Күздің бір жазға бергісіз шуақты күні. Ғұмыры күннің жүзін көрмеген ұлтаныма жылу тиген соң, тұла бойым бусанып, маужырап, қалғи бастап едім. Әлдебір нәрсе тап өкше тұсымнан зу етіп өте шықты. Көзімді сығырайтып аша бергенімше болған жоқ, оң жақ езуімнен бір нәрсе сарт ете түсті. Қазықтың басын шыр айналып, қонышыма зорға ілініп тұрып қалдым. Көзім қарауытып кетті. Одан арғысын шала-шарпы білемін: жұдырықтай-жұдырықтай тас тұмсығыма, жұлығыма, табаныма, көзіме сарт-сұрт тиіп жатыр.

Сөйтсем, мені кептіруге ілмей, карауыл ғып атуға қойған екен. Қайтейін, өне бойымды тасқа жыртқызып, қаралап, қисайта-мисайта қабырғамнан басып қайта киіп алды. Шиқ-шиқ етіп, мұңымды шағып кете бардым.

– Бәтеңкем қалай сықырлайды! – деп Шолағым масаттанып қояды. Жыртылған қабақ ішкі ұлтанға тиіп, үйкеліп жүргенін қайдан білсін?!

Басқа балалар сияқты доп тепкен бір сәрі-ау, Шолақ кейінгі кезде өгіздің тоқпан жілігінің басын тауып алды. Күнде мектепке жеткенше, одан үйге келгенше, әлгі жіліктің басын тепкілейді келіп. Тұмсығымнан тұмсық қалмады. Әуелі ақ жем боп жұқарып еді, енді тесілуге айналды. Е-е, айта берсем, көрген қорлық толып жатыр. Осындай тепкінің астында жүріп, қалай тозбассың. Екі ай маған екі жылдай болды ғой, – деп, көне бәтеңке көзінің жасын сырып-сырып алды. Жаңа бәтеңке аяп кетті.

– Осынша азапқа салғанда, тым құрымаса, бір мезгіл кремдеп те қоймай ма? – деді қалай жұбатырын білмей.

– Бауырым, түсіне алмай қалдым. Крем дедің бе, ол не зат?

– Крем деген – май. Оны жақса, денең жадырап, өңің кіріп қалады, тез тозбауға жақсы.

– Ойбай! Бауырым, қайтейін-ай! Ондай майыңды жақпақ түгілі, тұмсығымызға бір иіскетпей қойды ғой.

Жаңа бәтеңке одан әрі ештеңе дей алмай, көне бәтеңкенің сыңарын іздей бастады.

– Әлгі сыңарың қайда кеткен, сыңарың?..

– Қайда кетті дейсің ол байғұс. Жатқан шығар осында, – деп, көне бәтеңке шашылып жатқан аяқ киімдерге қарады.

– Е, эне, жатыр ғой қисайып. Үйге келгенде ол екеуіміздің басымыз қосылып көрген емес. Шолақ босағадан өте бере, бауымызды да шешпестен екі жаққа лақтырады. Содан қашан қайтып келгенше, бір-бірімізді көру жоқ.

Жаңа бәтеңке оған жылы шырай білдіріп:

– Әй, аман ба, бауырым, – деп еді, ол үндеген жоқ. Көне бәтеңке:

– Е, ғаріптің күні менен төмен, қайтесің, оны кінәлама, сақау ол, – деді.

– Сақауы қалай, оған не болды?

– Тілі жоқ, – деді көне бәтеңке.

– Тілі қайда кеткен?

– Анада әлгі Шолағымыз таспен ататын рогатке ме, немене. Сол рогаткеге былғары таба алмай, оның тілін суырып алып, соған салған.

Жаңа бәтеңкенің тұла бойы тітіркеніп кетті. Бір жағынан Шолақ сияқты ұқыпсыз, салақ баланың қолына түспегеніне қуанып, билей жөнелгісі де келді.

Жанайдар Мусин
(1936–1991)

Жер шоқтығы Көкшетау
(Үзінді)

...Міне, біз Бурабай поселкесінен шығып, сұлу Көкше мен Үлкен Шабактының арасынан кесіп салынған қылта-қылта жолмен баяу аяндап келе жатырмыз. Батысынан көлге көк орман жамылған Көкшенің құлама жоны құлайды. Арасында әдемі ұсақ шоқылар мен жартастар көлге бірақ тірелер ме, қайтер еді, егер жол салушылар оны кертіп өтпесе. Сөз арасында айта кету керек, 1915–1916 жылдары салынған бұл жол «Кіші Байқал жолы» деп те аталады. Төбеңнен тау, құз жартастар төніп тұрған жол жиегінен көл жағасына қарасаң, басың айналатын жерлер жиі кездеседі. Өйткені жол жапсарласып жатқан көл жағасының өзі құлама жартас болып келеді. Бір ғажабы, кальций тұзы тұрып ағарып қалған кесек-кесек, бөлек-бөлек, сандықша, домалақ, жалпақ, алып тастар бір-бірімен иін тіресіп, көлдің бүкіл батыс, оңтүстік батыс жағалауын ақ мәрмәр, ақ кемер ғып өріп тастаған. Одан мөп-мөлдір су астына да ақ сәуле тарайды. Осындайда ақ өрнекпен жиектелген шар айна өз-өзінен есіңе түседі.

Көлдің суының түсі де бөлек. Сәл ғана көгілдір тартқан тап-таза асыл шыны түстес меруерт су бетіне қарасаң, түбінен суретінді көресің. Қалтаңнан күміс алып тастап жіберсең, мың құбыла, шыр айнала сүңгіп, күміс құмның үстіне барып жата қалғанына дейін көріп тұрасың. Шыр басынан қаршыға ұшқан, көк торғын «киімді» кербез шоқылар айдын бетіндегі өз бейнелеріне өздері ғашық болғандай күні-түні қарайды да тұрады.

Күн шыға, көгілдір Шығанақтағы жартасқа шығып, биіктен барлап қарасаң, көл ортасындағы қыздың қос өрім бұрымындай өрілген ұзынша аралдың бітіміне таң боласың. Әлдебір ару қыз аппақ денесін сыртқа көрсетуден ұялып, меруерт суға мала малтып, ақша бетін ақ айдыңға ай-малата көл ортасына қарай ұзай жүзіп бара жатқан тәрізді. Күн ұясына қонар сәтте жағаға жақынырақ келіп қарасаң, ұзын бұрым аралдың өн бойына ұйыса біткен қызылқат ағаштары мен сәмбі талдар, шашырай біткен тепелтек қарағайлар сұлбасы қара көлеңкеленіп, мұхиттың тірі маржанды алқаларына ұқсай қалады. Суға түскен суретінен-ақ үстінен ұшқан құстың қай құс екенін айыруға болатын ақ айдынды көлді, енде-ше, Айнакөл деу, Үлкен Шабакты деуден анағұрлым ұнамды емес пе?!

Бурабай баурайындағы сексен көлден бұл күнде қалған жетпіс шақты көлдің тереңі де, үлкені де, ең мөлдірі де осы көл. Ішуге жарамды тұщы судың мол қоймасы ол.

Айдыны 1900 гектар, ең тереңі 25–35 метр Айнакөлмен салыстырғанда 900 гектар шалқары бар Күміскөл анағұрлым тайыз. Бірақ оның айнала жағасы – сұлулықтың саясы. Осыған дейін біршама тілге тиек еткен әдеміліктің қыруары осы көлдің жағасында ұйып, көз ұясына сыйып тұр. Оңтүстік-батыс жағалауы дөң мұрын, жоталы, қырқа қиялы, құж-құж құзарт тасты болып, оларға күрең қарағайлы, ақбалтыр қайыңды орман-тоғайлары омырауласып, ілгері ендеп енген сайын, төңірегің түгел бояна, ой қиялың ояна береді.

...Құралайдың көзіндей мөлдіреп алдымыздан Акку көлі шыға келді. Жат көзден жасырынып, орман-тоғайға тығылып, маңайындағы «үкілі тақия» киген төбелерді өзіне табындырып, үйірілтіп алыпты. Көлдің ол бетінде де, бұл бетінде де жайқалып тұрған үйір-үйір ақ қайыңдар көл тұнығынан жаңа ғана шүпірлесе шыққан аппақ аруларды көз алдына елестетеді. Көл айдынына көп ұзамай қанаттары суылдап ұшып келіп, маңғаз қаздар қонды. Әне, айдын бетін қанаттарымен бірер сызып барып, жылжып жүзе жөнелді. Әне, топ-топ үйректердің бір шоғыры ақ айдынның арғы беткейіне жүзіп барады. Кенет орталарынан жол бергендей қақ айрылды. Ғайыптан пайда болғандай, қамыс қалтарысынан шыға келген қос аккумулян ұзын мойындарын пандана иіп, көк ала үйректерге көз салмастан, орталарынан сызып өте берді. Қаздар қаңқылдай бастады. Үйректер барылдап ұша жөнелді. Қос аккумуляндың сыңқылы сап тыйылды.

Күн қызарып батып барады. Қызғылт сәулесі Акку көлдің ақша бетіне бір қырынан құйылып, нұрландырып тұр. Бейне бір қанаттары құлпырған қырғауылдар қызылды-жасылды болып жаңа ғана ұшып келіп, көл жағалауын алаулата қонып жатқандай... Болашақ ұрпақтың қамын ойламағандар осындай табиғатты бүлдіреді, ну орманды кеседі, қиратады, жояды, өртейді, көгілдір көлдер мен өзендерді бұрады, тоқтатады, суалтады. Таулардың төбесін теседі, мүжиді, тасын кеседі, құмын көсиді. Жердің қыртысын орынсыз қопарады, жыртады, желге ұшырады. Ойланбай жасалған әрекеттерден талай көл – шөлге, жер – желге, тау – төбеге, төбе – топанға, орман-тоғай томарға айналып кетпеді ме?!

Ал Бурабай ормандары мен сұлу қойнаулары адамнан бұрын жаратылған деген сөздің жаны бар. Әйтсе де, онда адамдардың тым ерте қоныстанғаны да рас. Оған «Бурабай обалары», «Бурабай кеніші» деген археологиялық зерттеу жұмыстары да куә бола алады. Мұндағы жүз жиырма екі обаға қазба жұмыстары жүргізілген екен. Қолға алынбағандары қаншама. Екіншіден, қазіргі Бурабай ауыл шаруашылығы техникумының маңынан жер қазушылар 1928 жылы көне табыт тауыпты. Табыт беті төрт тоннадай гранит таспен жабылыпты. Мәйіттің жанына үлкен мыс қазан, алтын, күмістен жасалған, асыл тастармен әшекейленген неше түрлі зергерлік бұйымдар, ою-өрнекті ер-тұрман қойылған екен. Бұл табытты ғалымдар жан-жақты зерттей келіп, IV–V

ғасырлардағы түркі тайпаларының асыл мұрасы деп тапқан. Осының барлығы Көкшетау жері өте ертеде игерілгендігін байқатады.

И. Я. Словцовтың 1878 жылғы қолжазбасында, П. И. Емельяновтың 1912 жылғы «Бурабай – климаттық станция және курорт» деген мақаласында, кейбір курортологтардың, олардың арасында Н. Д. Беклемишевтің еңбектерінде баяндалған кейбір табиғат суреттері бүгіндегі сыны кеткен сырлы аяқтардай болып тұрғанын байқаймыз. Әсіресе Н. Д. Беклемишев өткен ғасырдың аяқ шенінде Бурабай баурайындағы үш көлдің бір-бірімен байланыса бір су жүйесі болғаны жөнінде біршама дерек келтіреді.

...Бурабайдың оңтүстік бағытында арақашықтығы жиырма шақырымдай шамада Қотыркөл жатыр. Сарша тамыздың ыстығында қалың жылқыны пұшпағынан тер сорғалата қуып әкеліп түсіріп, соның салдарынан жаппай қотырға ұшыратқан жылқышылардан көрмей, нақақтан-нақақ жаласына қалғандықтан осындай көріксіз атқа душар болған демесек, аса сұлу көл. Айналасы сыңсыған қалың орман. Жиегін жақпар-жақпар жартастар көмкерген. Кәусар суы арудың жанарына жиналған жастай мөлт-мөлт етіп тұрар еді. Ілгері уақыттарда жан-жақтан сылдырап кеп құятын мөлдір-мөлдір бұлақтары көп-ті. Сөйтсе де, көл кемері асып-тасып төгілмей, бір деңгейде тұратын. Ал сонда осынша су қайда сыймақшы? Әлде көлдің сиқырлы «көз қалтасы» бар ма? Бар ғәп, тағы да табиғаттың шеберлігінде, бәрі-бәрін үйлестіре білу кереметінде жатыр. Көлдің теріскей шығыс шетінен Сарыбұлақ өзені ағып шығады. Сыңсыған ну орманды қақ жара сынаптай сырғып отырып, Қотыркөлдің бар артық суын Күміс көлге, яғни Бурабай көліне әкеліп құяды.

Күміс көл болса, онсыз да судан кенде емес. Бұлақ, жылға, сай-саласы санап тауысқысыз. Күміс көлден Күркіреуік өзені шығады. Тастан-тасқа секіріп, шапшып, тау өзеніндей күркіреп-сарқырап, дәл Бурабай санаторийіне кірер қақпадан он бес, жиырма қадамдай жерге ағып жатқан бұл өзен Күміс көлдің артық суын апарып Айнакөлге ақтарады. Айнадай аппақ күміс сәуле ойнаған айдыны ортасында әдемі-әдемі аралдары көз тартқан осынау ғажап сұлу көл ертеде қазіргі «Щорс» совхозының жеріне дейін шалқып жатқан ғой. Ал оның артық суы кербез Көкшенің теріскей батысын орап жатқан Шабаккөлге ауысатын болған.

Сөйтіп, Бурабай маңының шалқыған төрт әсем көлі бірімен-бірі жалғасып, бірі артық суын екіншісіне бөлісіп, кемерін ортайтпай тұрған екен. Қызық қуған жастар қайыққа мініп, төрт көлдің бірінен-біріне барып, сайран салып жүргендерін, күні кеше ғана өткен қарияларымыз аңыздай айтып отыратын еді. Сай-саланы бөгеуіміздің, бұлақтардың бітеліп қалған көздерін тазаламауымыздың, есепсіз бей-берекет жұмсауымыздың салдарынан бұл көлдер қазір біріне-бірі жалғасқанды қойып, әрқайсысының кемері жылдан-жылға төмендеп келеді.

Бір кездері Шортан, Қопа және Шағала көлдері де осылай бір-бірімен өзара жалғасып жатқан. Көкшенің атақты сексен көлінің ішіндегі ең тереңі – Шортан көлі. Айнала қоршаған таулардың ең көп құятыны да осы көл еді...

Мінекей, табиғаттың өзі жаратқан жер тұнығының қаймағын бұзбасақ, сынын кетірмесек, қаншама игілікке қолымыз жетер еді. Енді тек ұмытылып бара жатқан жер аттарын, бір кездегі қайталанбас қасиеттерін келер ұрпақтың есіне салып, әңгіме арқауына қосып отырсақ, ол – туған жердің болашағына деген жанашырлығымыз емес пе!

Көкшені аралағандар «Арқаның алтын алқасы», «Жұмыр жердің інжу-маржаны», «Қазақстан Швейцариясы», «Туған жеріміздің қасиетті өңірі» деген теңеулерді өз көздерімен көріп, көңілдеріне қотара салатынына біз сөзсіз сенеміз.

**Амантай Ахетов
(1947)**

Колыбель народа

Широка, беспредельна, спокойна,
Степь ласкает усталый мой взор.
Колыбель моих предков достойных
Прямо в небо взметнула простор.
Пламенеет закат, свои блики
Разбросав по кочевьям огнем.
Были предки просты и велики
В назначении скромном своем.
И в лихие години беду
Сообща принимали на плечи,
Меж родов пресекали вражду
И ценили толковые речи.
Прост и мудр был их жизни уклад,
Почитание Бога святое.
И пронизан был каждый обряд
Яркой праздничною красотою.
И народ мой, не ведавший гнета,
В славе воинской не уступал.
И в айтысах свой дар искрометный
Красноречьем в стихах изливал.
Был в почете наездник лихой,
Аргмак – славой целого рода.
Постигал наш народ кочевой
Смысл жизни в общении с природой.

Возвращаясь к истокам своим,
Связь далеких времен утверждаю,
По великим кочевьям степным
Я дух предков своих возрождаю.
Широка, беспредельна, спокойна,
Манит степь в необъятный простор.
Колыбель моих предков достойных
И потомков ласкает взор.

Бахытжан Канапьянов
(1951)

Медео

Дороги горной серпантин
Петлял по склонам.
Стихийным росчерком вершин
Гудели кроны.

Столбы мелькали и дома,
Шуршали шины.
В который раз сводил с ума
Вираз машины.

И, повторяя поворот
Высокогорный,
Сталь конькобежца режет лед,
Скользя проворно.

Спираль движения звенит,
Щекочет нервы.
Сейсмологический зенит
Там, где-то в недрах.
Не раз качнемся на весах
И – на качелях,
Оценка в баллах и в очках
Во имя цели.

Ключами все заведено,
Но по соседству
С невидимым веретеном –
Душа и сердце.
Где вечен запах кизяка

И дым над речкой,
Пастушка на холме легка
Среди овечек.

Вечер

Люблю я эти вечера,
Что рождены веселым летом.
Вдали луна, вдали гора,
И – ночь
До самого рассвета.
Поможет мне найти слова
Конь, что идет неторопливо,
И сочная под ним трава,
Высокая трава – до гривы.
Темнеет ли вдали лесок,
Белеет юрта ль под луною,
Мой конь спешит на голосок –
К кострам,

к жилью

и к водопою.

Росою вновь пририта пыль
На стеблях спящего бурьяна.
Волной волнуется ковыль
У неразрытого кургана.

Медный всадник

«Тяжело-звонкое скаканье
По потрясенной мостовой».

А. С. Пушкин

Чу, неоновый свет напорочил под шумящую
где-то листву:
Скачет всадник по городу ночью, и – копыта
тревожат Москву.
Спасся он от змеиного яда, мчится он все свои
двести лет.
На бульваре не бросил он взгляда на страницы
вчерашних газет.
Он к печальному богу подъедет, не по-царски,
без праздных речей,
Дернув бровью, поделится медью, что осталась
от белых ночей.

Туған өлке публицистика беттерінде

Арқаның әншілік дәстүрі: асыл өнердің арқауы үзілмесін

...Салған ән – көлеңкесі сол көңілдің...
...Жақсы әнді тыңдасаң ой көзіңмен,
Өмір сәуле көрсетер судай тұнық...
...Жарамды әнді тыңдасаң, жаның еріп,
Жабырқаған көңілің көтерілер.

Абай

Жазғы ғұмыры келтелеу демесең, Бурабайдың іші-тысы осы бір тұста тотықұстай түрленіп, құлпырып сала береді. Қатқылдығы жоқ самал қанаты мамық алақанымен күлтелі қарағай, сырғалы қайың, терек, тал атаулыны еркелете сипап, еркін желпінеді. Көкшетау, Жекебатыр, Бөлектау табандарынан тепсініп шыққан мөлдір бұлақ сулары табиғи арналарына түсіп алып, шолпыдай сыңғырлай құлдыраңдап, Шортанды, Шабакты, Әулие көлдерге бағыт түзейді. Осындай бір сәруәрлі сәтте салт атты Біржан сал қасында екі серіктесімен Бүркіттіні артқа тастап, Жөкей көлді жағалай жеңіл жортпақпен келе жатқан. Күлтелі шашақтары төгіліп кеткен ақ шарқатты мойнына орай тастап, төрт сайдың тоғысқан тұсына үкі қадаған құндыз бөркін қамшысының сабымен әнтек көтеріп, шекелете қондырған салдың бүйрек бет, қыран қабақты жүзінде мына табиғатпен астасып кеткен ғажап жарасымдылық бар еді. Біржанның сергек құлағы Қотыркөл тұстан салған тосын әнді қасындағылардан ілкім ерте шалса керек.

– Ал, тоқтай қалыңдар, – деп ат басын тежеп, ән көтерілген тұсқа ер үстінде ентелей еңкейіп қалған сал аз-кем аялдаған.

– Мынау менің «Қаудірлеттім» ғой. Қап, әттегене... Қайырма тұсын бұзып айтты-ау. Әлде дауысы жетпеді ме, – деген Біржекең атын тебіне берген.

Сөйткенше болмай бұлар қарсы беттен қос қараны шалған. Ол он екі ата Атығайдың Бағыс табынан шыққан Айбас әнші мен оның немере ағасы Саймасай болатын. Біржан сал бастаған топ жанасалай бере ат басын іріккен. Сал амандық-саулықтан бұрын:

– Ән айтқан қайсың? – деді.

– Мынау Айбас інімнің ебі бар еді, – деді Саймасай қарсы алдында нақ Біржанның өзі тұрғанын жаңа аңғарып, абдыраған қалыпта.

– Апырмай, Айбас-жан-ай, әнді осыншама қорлармысың. «Қаудірлеттім» сен салғандай емес, былай айтылмас па? – деді де, ала қоржыннан бүктемелі домбырасын суырып алып ретке келтіріп, қойын

қалтасынан түйіншекті шешіп, бір тиекті алып, шамақ бетіне қондырған. Сөйткен де тым сирек орындалатын сұлу әнді әуелете шырқап қоя берген. Ән сағаққа сырғып барған саусақ астынан төгілген ащы әуенмен ілесіп, бірден шаншып шырқау биікке көтеріліп алып, төменге сорғалай құйылмай, құйқылжыған қалпы тұрып алады екен. Тап осындай сипатта әнді орындау үшін Біржанға ғана тән көмекей керек болар-ау, сірә. Айбастың орта жолда малтығып, ән әуенін бұзып алғаны да содан ғой.

Әннің қайырма тұсы тіпті де ғаламат әуен ырғағымен толқындай тепсініп, буырқана бұлқынып, алуан ажармен шырай шашып, жабыққан жаныңды ерекше бір жігерге жетелеп кетеді екен.

«Е, менікі бекершілік екен, бейшаралық екен» деп ойлады Айбас әнші. Ат үстінде аңырып тұрып қалған атығайдың қос жігіті ән тынып, Біржекеңдер қозғалып кеткенше арбалған қалыптарынан жазбаған.

Саймасай інісіне қараса, оның қос жанарынан сорғалаған жас қызыл күрең жүзін жуып кетіпті.

Сөйтп, ұлы Біржанның «Қаудірлеттімі» салмен бірге кетті, ал Айбас бұл әнді орындай алмайтындығын, оған өресінің жетпейтіндігін сезген. Сезген де, неше рет окталғанымен «Қаудірлеттімге» қайта аяқ басып, қол созбаған.

Міне, бізге мәлім, беймәлім Біржан сал әнінің бір тарихы осылайша тәмам болып еді.

Ал мұндай өкінішті жағдаят Ақан серіде де, Үкілі Ыбырайда да көп кездескен. Талай тайпалма ән табиғат қойнауына сіңіп, келмеске кетпеді дейсің. Мұның мұң шалған өкініші де осы ғой. «Барға қанағат, жоққа салауат» дейтін қазаки мінезге салсақ қолдағы бар асыл ән мұрамызды мансұқтамай, барынша қастерлеп, шашау шығармай жиыстырып, дәстүрлі ән өнерін кеңінен насихаттап, ұрпақтан ұрпаққа жеткізе беруде – зор жанашырлық, ықтияттылық, қамқорлық, кәсіби білгірлік керек-ақ. Ән Меккесі атанған Көкшетау өңірі Біржан мен Ақан, Үкілі Ыбырай мен Балуан Шолақ әндерін қаз-қалпында сақтап, сыр-сипаты мен болмыс-бітіміне сызат түсірмей құндауда құнсыздыққа душар болып отырғандығын ащы да болса ашық айтуға тиіспіз. Ең алдымен бұл өңірде белгілі әншілердің орындау шеберліктерін бағалап, үйрету, үйренер талаптары кезінде ескерілмеді. Самарқау бойкүйездіктің салдарынан Жаналы Қалиев, Кәрім Тақауин, Мұса Асайынов, Кәрім Илиясов, Шектібай Еңсебаев тәрізді он сан әншілердің ән орындау шеберліктерін шашау шығармай жиыстыру, жастарға үйрету қолға алынбады. Дәстүрлі ән өнерін насихаттайтын арнайы мектеп жұмыс істемеді, әлі де істемейді. Келе-келе Арқа әнінің әрлі де әсерлі, сәнді де салтанатты, айбынды да ажарлы кескіні көмескі тартып, бұл күнде кезінде Біржан сал, Ақан сері,

Үкілі Ыбырай, Балуан Шолақпен даңқы асқан өңірде дақпырттың ғана қалғандығын мойындау керек. Көкшетаудың көк күмбезінен көтерілген ән Арқа алабын еркін аралап, әр тұстан «көктей гүлдеп көтерілген» таланттар дәстүрлі Арқа ән өнерінің өрісін кеңейтіп, сымбатына сұлулық қосып, ғажап бір болмыс-бітімін сомдады.

Жарылғап ескі әншінің маңғазы еді,

Күйді ерттеп, әнді мінген ардагері.

Осы әнді Көкшетаудан үйрендім деп,

Баянға алып келіп жайған еді, – деген ән жолдарынан сол тұстағы әннің бастау көзі Көкшетау екендігін аңғару еш қиындыққа түспейді. Сол әнді іліп әкетіп, сан тарау сокпақ-сүрлеуге салып, елден елге, өнерпаздан өнерпазға тарата беру дәстүрі ол тұста әсте кемшіндік танытпаған. Керісінше, сұлу әндер еш жерді, қалың елді жатсынбай бауырбасты өз рухани қазынасына айналып жүре бергені даусыз. Арқаның кез келген алабында Біржан сал, Ақан сері әндері жиын-тойлардың сәні, жәрмеңкелердің салтанаты ретінде айтылып, жылы қабылданып жүрді. Оларды өз жүрегін жарып шыққан төл туындыларымен қатар насихаттауда Жарылғапберді, Әсет, Естай, Ғазиз, Шашубай, Иса, Жаяу Мұса, Майра, Мәди, Иманжүсіп тәрізді тұлғалар зор қызмет атқарды. Бұлардың қайсысы болса да бір-бірінің әндік шығармаларын шырайлы қалпымен қалың елге таратудың алтын көпіріне айналды. Есімдері аталған ұлы тұлғалардың ән, әншілік өнерінде дүниеге келген небір әндердің сыр-сымбаты мен ішкі иірім қалтарыстарына үңілсеңіз, тек Арқа алабына тән, қазақтың басқа өлкесіндегі әндермен еш шатастыруға келмейтін кесек те кемелді кескін, мінезін бағамдар едіңіз...

...Жалпы, бабаларымыздың рухани мол мұрасы, соның ішінде Арқаның ән мектебі, оның ұлылы-кішілі жәдігерлерін сақтап қалу, ұрпақтан ұрпаққа жеткізу жүгі алдағы ғасырларға апарамыз десек, жеңіл жүк емес. Тек хан-қараға ортақ жауапкершілік, қамқорлық, білікті де білімді басшылық қажет. Бәріміз ортақ қажеттілік үдесінен шығу үшін сарыла ізденіп, сарсыла еңбектеніп, жұмыла қызмет етуіміз керек. Сонда ғана бабадан қалған ұлы мұра алдында ар тазалығын ақтап алатын боламыз.

*Төлеген Қажыбай,
«Егемен Қазақстан» газеті
03.04.2017*

Зеренді

...Қалың қарағайы, кей тұсында еңселі терегі мен ақ балтырлы қайыңы араласа өсетін орман-тоғайды, сыңқ-сыңқ күлген сансыз бұлақтарды басып өтіп сәл ілгері ассаң, алдыңнан «Кішкене түкті» тауы шыға келеді. Бұл өзі асқар Алатаудай асқақ, Сәбит Мұқановтың «Балуан Шолақ» хикаятында айтылатын Паң Нұрмағамбет сияқты кеудесін ешкімге бастырмайтын паң болып жаратылып, «Атақты Абылайға қоныс болған» жер асылы, тау асылы Бурабайдай аса еңселі болмағанмен, ішіне бүккен өзіндік сыры, ешкім жазып бітіре алмай келе жатқан өзгеше жыры бар, осы маңайдағы, тіпті одан әрідегі қалың ел аузының суы құрып аңызға айналдыра айтып жүретін кішкене делінсе де үлкен, ұлы таулардың жүгін көтерер «Кішкене түкті» тауы делінеді. Ол тау Қарашіліктен гөрі Дороговқаға жақын жатыр. Бірақ бала күнімізде оған жиі барып, даласының жидегін, тау ішінің, қарағай арасының қып-қызыл болып өсіп, көздің жауын алатын бүлдіргені мен шиесін теріп жеп, рахатқа батып, ыстық күнде уыстап ауымызға тастап шөл қандыратынбыз. Бүлдірген мен шиенің дәмі қандай, шіркін! Әртүрлі жемістердің сұйығын сығып алып жасайтын осы күнгі сок (шырын) дегендерің олардың жанында кәдімгі қара судан артық қауқары да, қасиеті де шамалы ғана сусын ба деп қаласың. «Кішкене түктіден» Зерендіге қарай ығыса жүрсең, Ортағаш ауылын басып өтіп, Қызыл егістің «Биікқарағайына» тап боласың. Қазіргі жағдайын кім білсін, біздің бала кезімізде ол «Биікқарағай» десе, биік қарағай дегендей еді. Ит тұмсығы кіре алмастай болып жиі өсетін қарағайлары биіктей бой көтеріп, көкпен таласатын. Зерендіге барар жолда енді Көктерек ауылы жатыр. Сол ауылдан сәл ұзап шықсаң болды, табиғат шебердің өзі ерінбей отырып неше түрлі етіп қашаған талай-талай тас мүсіндерді көріп, таң-тамаша қаласың. Шымылдықты көлі, Шымылдықты тауы деп аталатын қасиетті орындарды осы маңнан табасың. Табиғаттың өзі сомдаған Әулие тас, Бөлек тас, Шошала тас, Кереге тас сияқты көркемөнер туындысы деуге татырлық ғажайыптарды адам қолымен емес, Алланың әмірімен жаратылған ба деп қаласың. Бір кезде осы маңайды Көкше өңірінің дүлдүл ақыны Еркеш Ибраһим (Ебікенов) аралап көріп, жыр мен сырдың тиегін еркін ағытқан екен. Сол сапарынан туған «Шымылдықтас» деген өлеңі ақынның елу жылдығына орай, 1980 жылы шыққан екі томдық таңдамалысына кіргенін де көрген едім. Жалпы алғанда, бұл өңірді неше түрлі тастар өлкесі, тіл бітіп сайрай жөнелгелі тұрған сұлу да сырлы тастар өлкесі деу керек шығар...

*Есмұхамбет Айтмағамбетов,
«Егемен Қазақстан» газеті
23.03.2013*

Қорғалжын

...Қорық қызметкерлері берген ресми ақпаратқа қарағанда, қорықта сүтқоректілердің 43, құстардың 350, балықтың 14, жәндіктердің 700, өсімдіктердің 443 түрі бар көрінеді. Соның ішінде сүтқоректілердің 8, құстардың 27, жәндіктердің 1 түрі халықаралық Қызыл кітапқа енгізілген. Сондай-ақ, құстардың 41, жәндіктердің 4, өсімдіктердің 5 түрі Қазақстанның Қызыл кітабына жазылыпты.

Көк майсалы, самал жел ескен қорықтың кең жазығымен келе жатсаңыз, алдыңыздан аңның бірнеше түрі кездеседі. Кейбірі тіпті адамнан қорықпайды десе болады. Бір суыр біз жүріп келе жатқан жолдан 50-60 метр жерде жүргіншілерге қарап қозғалмай жатты. Басқа жер болса, мұндай қашықтықта шаңын ғана көрсететін, аң өзінің қорғалуда екенін сезетін сияқты.

...Қорықтың ең үлкен көлі – Теңіздің ащы сулы екенін жоғарыда айттық қой. Бірақ ол жай ғана ащы емес, әлемдік теңіз суларынан 5–6 есе ащы көрінеді. Қазақ «теңіз» деген атауды да оған тегін бермеген, көлдің ұзындығы 80, ені 40 шақырымға жуық. Өзі Ақмола облысының Қорғалжын, Егіндікөл және Қарағандының Нұра аудандарының шегіне созылып жатыр. Осы қорықта үйреншікті аққу, қаз, үйректен басқа аққұтан, қызыл жемсаулы қарашақаз, тұрпан, кара дегелек, бірқазан секілді сирек құстарды да көптеп кездестіресіз. Солардың ішіндегі ең атактысы – дүние жүзінде өте сирек кездесетін қызғылт қоқиқаз. Ол Қазақстанда осы Теңіз көлінде ғана ұя салып, жұмыртқа басады. Қанатының асты қызғылт болып келетін олар топталып ұшқан кезде аспанда қызыл алау жалындап бара жатқандай болады екен. Керемет. Әлемет көрініс! Оны қызықтау үшін жақын маң түгіл алыс шет елдерден жыл сайын екі мыңнан артық туристер, зерттеушілер, орнитолог-ғалымдар келетін көрінеді.

«Балам үшін мұнда келемін, күнім үшін анда барамын» дейтін осынау адал құстың күз бен қысқа баратын жері Ирак, Иран елдері екендігі анықталған. Жыл сайын 20 мыңға жуық басы келіп, балапанымен 25–30 мыңға жуықтап кететін көрінеді.

Бұл құстың Теңіз көліне ғана келетін бір себебі – мұнда басқа жерде өте сирек кездесетін жемі – шаяншалар (рачки) кездесетін көрінеді. Ғылыми тілде оны «артемия салина» деп атайды. Бұл бір ерекше шаяншалар, суыққа да, ыстыққа да өте төзімді. Олардың жер бетінде өмір сүріп жатқанына 195 млн. жыл болыпты. Қоқиқаздың қанатының қызыл болатыны осыны жегеннен деген сөз бар, бірақ ол ғылыми түрде дәлелденген емес.

...Қорық жайлы әңгімені тұжыра кететін болсақ, ол 2007 жылы ІВАН-ның «Аса маңызды орнитологиялық аймақтар» тізімінің, 2008 жылы ЮНЕСКО-ның «Табиғи мұралар» қатарына енгізіліп, 2012 жылы тағы да сол ЮНЕСКО-ның шешімімен Қазақстандағы жалғыз биосфералық резерват деп танылған екен. Қорғалжынның өз басында эко-музей бар, осы мекеменің қызметкерлері Интернет арқылы дүниежүзіндегі танымал әріптестерімен байланыс орнатқан. «Визит-орталығы» деп аталатын бұл музей еуропалық стандарттарға сай, кімге көрсетсе де ұялмайтын сәулетті ғимарат. Қорғалжынға келетін шетелдік экотуристер саны, жоғарыда айтқанымыздай, екі мыңнан асады. Ал қызықтап келетін өз азаматтарымыздың саны жылына үш мыңдай болады екен.

*Жақсыбай Самрат,
«Егемен Қазақстан» газеті
24.05.2014*

Аға мен іні

Аңызға айналған ерекше тұлғалардың бірі Бауыржан Момышұлының Мәлік Ғабдуллинмен ерекше достық қарым-қатынасы, жора-жолдастығы сонау қан майданда шыңдалған, бауырмалдықпен суарылған болаттай берік, құрыштай мықты достыққа айналған. Екеуін табыстырған, ажырамастай жақындастырған қазақ мүддесі, ұлттық идея, отаншылдық рух болғаны сөзсіз.

Мұны Мәлік Ғабдуллиннің ұстазы, көрнекті жазушымыз Сәбит Мұқановтың 1943 жылғы «Мәлікпен кездескенде» атты естелігіндегі: «...Сөйлеген сөзінде Мәліктің ерекше тоқталып, аузын толтыра ардақтаған адамының бірі – гвардия полковнигі Бауыржан Момышұлы. Мәліктің Момышұлы туралы ұзақ сөзін тыңдаған жұрттың ұққаны – батырдың полковникке деген өлшеусіз махаббаты. Оның сөздерін тыңдағанда келетін ой: «Адам адамды осыдан да артық сүйе ме екен...» болды» деген байламынан байқаймыз.

Олар туралы айтылып, жазылып, зерттеліп жатыр. Баукең туралы Мәлік, Мәлік туралы Баукең де көп айтты, біршама жазды да. Айталық, Мәкең туралы Бауыржан Момышұлы: «...ұлы Абайдың «ойына ой қосады ақылдассаң» деген сөзі бар ғой. Мәлік майданда ақылдассам, ойыма ой қосатын інім еді. Менің командир болғаным рас. Бірақ, Мәлік ақылдассам, ойыма ой қосатын офицер еді... «Әкең өлсе де, әкенді көргендер өлмесін» деген қазақта мақал бар. Кешелі бері газеттерді оқып, радиодан тыңдап, жиналыста болып, «ініңді көргендер өлмесін» деген ойға келіп отырмын», – дейді.

...Баукеңнің «Қанмен жазылған кітабындағы» мына жазылған жайттарға үңілейік.

«...Жеңістің түбірінде жеңіліс бұғып жатады» деп Панфилов айтқандай, әрбір командир қадамын есептеуге тиіс. Мен ұрыс идеалы дегеніміз – бұл ұрысты шығынсыз жеңіп шығу, ал ұрыс өнері дегеніміз бұл ұрысты азырақ шығынмен жеңіп шығу деген сөз дегенім еді.

...Немістер біздің ротаға жүз метрдей жер қалған кезде бір жауынгер қырындай түрегеліп, автоматын алға кезей ұстап: «Ура!» деп айқай салды. Бұл – Төлеген Тоқтаров еді. Ротаның қимыл-әрекетсіз қалғанына ашынған ол өзінің төрт жолдасына: «Жауға аттанайық!» деп үн қатты. Оның соңынан бес жауынгер «уралап» жауға ұмтылды, олардың артынан тағы да бес адам, сөйтіп, бүкіл рота тұтас көтерілді, немістер кейін шегіне бастады.

Полк командирі ретінде мен бұл ұрысқа басшылық жасай алдым ба? Жоқ! Мен өзім сасып абдырап қалдым, жағдайымыз шын құрыған екен деп санадым. Полкті тығырықтан кім алып шықты: командир мен бе, болмаса мына 10 ержүректі бастап шыққан екі қыран ба?! Бұл жерде, ұрыстың сол сәтінде мен командир ретінде дәрменсіз күйде қалдым. Ал ұрыста мұндай сәт ең қауіпті еді. Бірақ, батыр ерлер өз істерін істеді, қауіп жойылды. Операцияның екінші кезеңінде, осы қарсы шабуылға шығу уақытында мен жалғыз өзім ғана емес, барлық полк пен бүкіл дивизия осы 10 батыл жауынгерге қауіптен аман алып қалғаны үшін қарыздар, олар көтерілгеннен кейін барып қана пулеметтер іске қосылды, автоматтар мен винтовкалардан оқ жаудырыла бастады. Алайда, бұл ең батыл жауынгерлерді көтерген, олардың сана-сезіміне түрткі жасаған кім? Міне, осы жерде ерлікті ажырата білген жөн.

Тоқтаров пен Ғабдуллиннің және басқалардың ерлігінің мәні осында, олардың жауынгерлерді бастауында жатса керек.

Қорытынды жасайын: Бородино ұрысының нәтижесінде 1200 дұшпанның көзі жойылды, біз 157 адамымыздан айырылды. Неміс командованиясының түбірден соқпақ болған жоспары тас-талқан етіліп, күлін көкке ұшырдық».

Осы қиян-кескі ұрыстарда көзсіз ерлік көрсеткен жауынгерлер Төлеген мен Мәлікті мойындап, алдымен өзі бас иіп отырған Баукеңді ұлы демеске шара жоқ. Баукең сынды ұстазды ұлық тұтқан шәкірттерін де батыр демеске әсте болмайды.

Ұлы Отан соғысына Қазақстанның 76 жазушысы қатысқан екен. Олардың көпшілігі Қызыл Жұлдыз орденімен, Отан соғысының I және II дәрежелі ордендерімен марапатталыпты. Бұлардың 11-і – Мәлік

Ғабдуллин, Әди Шәріпов, Белгібай Шалабаев, Қажымұрат Сыздықов, Шона Смаханұлы, Сағынғали Сейітов, Қапан Қамбаров, Қалижан Бекхожин, Тахауи Ахтанов, Хасен Әдібаев, Төкен Әбдірахманов – Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының түлектері.

Ресми деректерге сүйенсек, Ұлы Отан соғысы кезінде 500-дей қазақстандыққа Кеңес Одағының Батыры атағы берілсе, солардың 105-і тек қазақ ұлтының өкілдері екен. Солардың ішінде аға мен інідей болған Бауыржан Момышұлы мен Мәлік Ғабдуллиннің аттары аңызға айналып, есімдері ел есінде қалды.

Жазушы Мамытбек Қалдыбаевтың 1990 жылғы «Рухыңнан айналайын» деген естелігінде қазақтың қос батырының бірін-бірі қатты сыйлап, құрметтеп өткені әр қырынан сөз болады:

«Мәлік жан-дүниесімен де, сырт келбетімен де сұлу еді, – деп бастады Баукең сөзін. – Біз Панфилов дивизиясында қарапайым өмір сүрдік. Шабуылға бірге аттанып, бірге оралдық. Осы достық маған барлық кезде көмектесті.

Ол әр кездесуі жаңалық ашқанмен тең адамдар қатарына жататын. Ол адал, әзіл-қалжыңға шексіз бай еді. Жасым үлкен болса да, мен одан кішілік пен кісілікті үйрендім. Тіршілік жолында Батыр даңқына дақ түсірмей өту оңай емес. Ол осы қатал сыннан сүрінбей өтті. Мәлік еш жерде, ешқашан алған бетінен қайтқан емес, ешкімнің атақ-беделіне жығылған емес...

– Қарағым, мен бұларды неге айтып отырмын? – деді жеңіл күрсініп. – Біздің мәдениетіміз әлі төмен. Ойланып-толғана білмейміз. Ең өкініштісі, көп дүрмектің ағысына еріп, өткенімізге, жан-жағымызға көз салмаймыз. Кімді қастерлеу керек дегенге мән бермейміз.

Мәліктің ғалымдық, педагогтік еңбегі өз алдына, ол кешегі қан майданда ел қорғаған ер, батыр емес пе?! Ол – Халық Батыры. Ал оған көрсеткен құрметіміз қандай? Түсінсендер, марқұм Мәлікті сыйлау ол үшін емес, ұрпақ үшін керек. Оның өмірі жастарымызға патриоттық, интернационалдық тәрбие берудің өзінше бір мектебі...»

Белгілі бауыржантанушы ғалым Мекемтас Мырзахметов Баукең мен Мәлікке байланысты ғаламтор бетінде Жадыра Нармахановаға берген сұхбатында былай дейді: «...Соғыста Мәлікке герой атағын алып беруге еңбек сіңірген Баукең екенін кейін білдім. Ол кісінің мінезінің жұмсақтығына таңданып, Баукеңнен: «Ондай кісі қалай батыр атанып жүр!» – деп сұрадым. «Олардың жасаған ерлігі сұмдық... сойқан еді ғой... Өрімдей болып өте батыл еді... – деп бастады ағамыз әңгімесін. – Мәлікті екі рет Кеңес Одағының Батыры атағына ұсындым. Бірақ, менің

ұсынысым жоғарыға жетпей, жарым жолда қалып қояды екен. Бір күні біздің батальонға әйгілі Кутузовтың генерал шөбересі дайындығымызды тексеруге келетін болды. Тамақты керемет жасайтын Жан деген өзбек солдатым бар еді. Соған: «Бар өнеріңді салып дастарқан жаса, қонақ шақырамыз», – деп тапсырдым. Сөйтіп, Кутузовтың немересін риза етіп едік. Ол бізге қайыра сұрақ қойып: «Майданда жүріп мынадай дастарқанды қалай жайнатып жібергенсіңдер!» – деп әзілдеді. Соңында, кетер кезде: «Не бұйымтайларың бар?» – деп сұрады. «Ештеңе сұрамаймын, тек мына пакетті тиісті орнына жеткізсеңіз болды», – деп қолына Мәлік пен Төлегенді батырлыққа ұсынған өтінішімді бердім. Үш аптадан соң екеуі батыр атанып, даңқтары асқақтады», – деді Баукең».

Бұл сұхбатта жаппай ерлік үлгісін көрсеткен 28 батырдың соңын ала жеке дара шыққан қазақ батырларының алғашқылары – Төлеген Тоқтаров пен оның ұстазы болған саяси жетекші Мәлік Ғабдуллиннің осы аса жоғары атақты алуын тікелей өз міндетіне алып, қадағалап, жеріне жеткізген Бауыржан Момышұлы екені айтылады...

«Егемен Қазақстан» газеті

<https://etjendi.egemen.kz/2015/07/29/52221>

Қыран самғауы

...Жайшылықта бойы шарғы, денесі ықшам көрінетін Талғат ағамыз көп алдына шығып, сөз сөйлер кезде, ересен өзгеріп, ерекше тұлғаланып кетеді екен. Кәдімгі тұғырдан көтеріліп, биікке самғағалы тұрған қыран құсқа ұқсайды. Кең маңдайы одан әрі жазылып, сәл қысыңқылау көрінетін қыран көздері тостағандай болып кеткен. Қыран құстың қасиеті көк аспанға көтеріліп, сонау биікке қарай самғай ұшуынан, шырқау биіктен шүйліге құлдिलाуынан көрінеді ғой.

Ол өз әңгімесін сонау балалық шақтан бастады. Ақмола облысының Майбалық ауылында кедей шаруаның отбасында дүниеге келген Талғаттың әкесі Жақыпбек пен оның туысы Жүсіпбек Кеңес өкіметінің қаскөй саясатынан қорыққан бір байдың көп малын айдап, Қырғыз еліне келеді. Келсе, тосып алуға тиіс әлгі байдың өзі жоқ болып шығады. Ағалы-інілі екеуі иесіз қалған көп малды сол өңірдегі әскери округтың бас қолбасшысы Михаил Васильевич Фрунзеге хаттап-шоттап тапсырып, өздері Бішкек қаласын мекендеп қалады. Мал терісін илеп, өңдеуді кәсіп қылып, күн көреді. Арада жылдар өтіп, сәби Талғат енді бала Талғат атанады. Әкесі оны қазақшасы болмағандықтан, татар мектебіне оқуға береді. Орысша білмесең, күн көру қиын екенін аңғарған ақылды бала бесінші сыныптан бастап орыс мектебіне ауысады. Фанерден сол кездің оқушы балалары тұмсығына зырылдауық орнатып аспанға

көтеріліп қалықтай алатын ұшақтың үлгісін жасауға әуес болған ғой. Осындай іске қызығушылардың ішінде Талғат та болып, оның қолынан шыққан ойыншық ұшақ модельшілердің қалалық жарысында бәйге алады. Міне, содан бастап, Талғат аспанға көтерілуді, биікке самғайтын ұшқыш болуды аңсайды. Сол тілек, сол арман 16 жасар Талғатты Фрунзе аэроклубына алып келеді. Алғашқы ұстаздары бастық Цуранов пен ұшуды үйрету жөніндегі нұсқаушы Бұхарбаев бозбалаға өз білгендерін жалықпай үйретіп, оны қыранның балапанындай баптап, қанаттандыра білді. Көп жаттығып, көп машақаттанған соң ұшақты өзі басқарып ұшқаны, қасындағы екінші ұшқыштың орнына жайғасып, мұның әр қимылын бақылап отырған үлкен бастық Цурановтың өзі риза болып, жақсы баға бергені әлі есінде. Ол жолы да Талғат ұшақты жерде тиісінше біраз жүгірткеннен кейін үлкен сеніммен жоғары көтеріп, аэродром үстімен бір айналып ұшқаннан кейін, еш қиналыссыз, асып-саспай, тура үш нүктеге дәлдеп қондырған болатын. Көп ұзамай, Талғат аспанға ұшақты өзі басқарып көтерілді. Оның қалай ұшқанын Цурановтың өзі бақылап тұрды. Талғат ұшақты берілген нұсқауға сай, жерден көтеріп, аэродром үстімен тиісінше айналып ұшқаннан кейін, тағы да үш нүктеге тұп-тура әкеліп түсірді. Цурановтың бұйрығы бойынша, Талғат аспанға осылай үш рет көтеріліп, үш рет қондырды. Осы жөнінде мәлім еткен курсант Талғаттың сөзін тындаған соң, бастық:

– Ұшақты ұшыруың да, жерге қондыруың да өте тамаша жігіт екенсің! – деп әділін айтты.

Аспанда еркін самғап, шеберлік шыңына көтерілудің, сан ұрысқа қатысып, талай-талай қиын жеңістерге жетудің, сан рет ажалмен бетпелет келіп, тірі қалудың қалтарысы мен қапысы көп шырғалаң жолы осылай басталған. Бұдан кейін ол Чкалов әскери авиация училищесін бітіріп, білімі мен біліктілігін одан әрі ұштады.

Талғат ағамыз ештеңені асырып айтқан жоқ. Бәрі өз көзімен көрген, өз басынан өткерген оқиғалар. Солар туралы айтқанда екі көзі жайнап кетеді. Жалпы ұшқыштардың аспандағы іс-қимылды қолымен ымдап, суретін нобайлағандай қылып көрсететін, әңгіме айтқан кезде, бүкіл денесін ойната сөйлейтін бір ерекше әдеті бар. Сол арқылы жанды сурет салады, ұшақтың аспанда ерсілі-қарсылы ойнақтап жүйткігені, аударыла-төңкеріле зымырағаны, біресе төмен құлдырап, бірде аспанға шаншыла зулап, тік көтерілгені, оң мен солға оқыс бұрылғаны көз алдына келеді.

Талғат Бигелдиновтың соғысқа 1943 жылы 144-ші гвардиялық шабуылшы авиация полкінің құрамында кіріп, Калинин, Воронеж, Далалық,

бірінші және екінші Украин майдандарында шайқасқаны белгілі. Қатардағы ұшқыштан авиация полкінің командирі дәрежесіне жетіп, қанды майдан жолынан өтті. 305 рет жауға қарсы ұшып, сонша рет жеңіске жетті...

*Есмұхамбет Айтмағамбетов,
«Ақиқат» журналы
20.09.2012*

Жер төресі, жыр еркесі

...Қазақ тарихы мен мәдениетінің, әні мен жырының да үлкен құйқалы қыртысы осы сырлы сұлулықтармен, ел иесі, жер киесімен астасып жатыр. «Сұрасаң Абылайдың тұрған жерін, Қырық сегіз жыл хан болған Көкшетауда» деп неге жырлайды дейсіз жырау бабаларымыз. Бүкіл қазақ үшін ортақ кие қонған, қасиет орнаған жер екенін айтып тұр ғой. Осы ақиқатты ақиық ақын Мағжаннан асырып айту қиын-ау. Ертеде Абылайға қоныс болған Бурабайды «Алаштың кебесіндей ізгі жай» деп тебіренуі тегін емес-ау, зарлық сәуегейдің! «Арқада Бурабайға жер жетпесе, Алашта Кенекеме ер жетпейді» деп тағы бір қияға тартып толғайды толағай Мағжан. Иә, Абылай мен Кенесарыны айтқанда қазақтың елдігі, тәуелсіздігі жолындағы қаһармандық күрестің де бір бесігі Көкшетау болғандығын жүрекке түймеске, сол үшін де жер науанына басынды имеске болар ма?

Ал енді бұдан әрі Қанай бидің, Орынбай ақынның, Ақан серінің, Үкілі Ыбырайдың, Балуан Шолақтың есімдерін атасақ, даналық сөздерін толғап, толқынды әндерін айтсақ – Көкшетау қасиеттері, өзіндік даралығы толыға түседі, елі мен жерінің шоқтығы биіктей түседі. Толассыз мойындалған ән мен жырдың бесігі де Көкшетау, салдар мен серілер елі, тектілік пен деғдарлық белі Көкшетау. Елбасы айттып өткендей, аңыздармен аяланып, тарих сырын шертуге келгенде де Көкшетау-Бурабай өңірі күмбірлеп қоя береді. «Халқына суықта пана, ыстықта сая болған, есімдері ел есінде сақталған біртуар перзенттер» де осында. Қасиетті рухани құндылықтар да, киелі жерлер де жетерлік.

Шын мәнінде де, жер атауларының төркініне үңілер болсақ, тарихтың қатпарлы шежіресіне жолығамыз. Бурабай аңыздарының, эпсана әңгімелерінің, ондағы жер атауларының бірсыпырасы Абылай хан есімімен байланысты. Сабалақ-Әбілмансұрдың басына бақ қонып, қалмақтармен қырғын соғыстағы жекпе-жекте Шарыш дәудің басын қаққан ерлігімен алты алашқа мәшһүр болып, орта жүздің сұлтаны ретінде Көкшетауға келуінің өзі бір тарих. Осы арада тарих сахнасына тағы бір алып тұлға – «Ту баста Абылайды хан көтерген Қамқоры қара-

уылдың Қанай шешен» шығады. Қанай баба әуелі осы күнгі Қараүңгір көлінің жағасында түс көріп, қалғып кеткенде қолына қонған алып қара бүркіт арқылы басқа бақ қонарын, елге құт ораларын, қазаққа Абылайдай аруақты хан келерін ақылгөйлікпен болжап біледі. Әбілмәмбет ханның ықыласын, Шақшақ Жәнібектің батасын, орта жүзді билесін деген Төле бидің разылығын алып Абылайдай сұңқарды Ұлытауда ақ киізге көтертіп, көкторғын Көкшетауға бастап әкелген де би Қанай. Көкбай ақынның «Сабалақ» атты қисса-дастанынан осындай сырға қанығамыз. Сөйтіп, «Етегі кербез Көкше, шомбал тасы, Қарағай қалың жыныс, көлдің басы. Аумағы атшаптырым алаңқайға орнады Абылайдың ақ ордасы. Басына Бурабайдың орда қонған, Хан жайлау Қызылағаш ол да болған. Қанайдың түсіндегі қара бүркіт, Қыдырлы Абылай боп самғады арман. Ақ Орда мәлім болып тігілгені, Ақ туы Абылайдың желбіреді. Құрмалдық болайық деп хан жолына, Есілдей ақты құлдап ел тілегі. Аспаннан ай сәулесі жалт үзілді, Алламыз жарылқады халқымызды. Жайнатып жасауымен түсірген шақ Атығай-қарауылдан алты қызды».

...Бурабай-Көкше туралы әңгімеде Кенесары хан туралы айтпау мүмкін бе?! Себебі, бұл ең әуелі көкжал Кенесарының Көкшесі. «Көкшем менің сағынар хан Кенені, Елін, жерін аруағы жебеді. Айтар Көкше: перзентім деп ең ұлы Кекілік тауда ұшып түскен жебені». Біз де осылай деп жырлаппыз. Хан Кене Бурабайда туған. Осында ерлікті куған. Бурабай ішіндегі үңгірді жақсы көріп, шерге батқан кездерінде саялап, ой тұңғиығына бойлаған. Осы үңгірді халық кейін Кенесары үңгірі деп атап кеткен. Сол үңгірдің аузындағы тақтадан ұлы Мағжанның мына бір шумағын оқисыз:

Сол түні сонау үңгір тау ішінде,
Қабағын қарс жазып Кене ойлайды.
Қамалған қазағына жол таппаққа,
Жүрегін тілім-тілім тіле ойлайды.

Иә, осы үңгірде Кенекем елім деп күңіренген еді. Оқжетпестің қиясына қадам басқан еді. Хан Кененің қасиетті үңгірі, Кенесары төбесі бұл күнде халқының қастерлі орындарының бірі. Осы арадан Кенесары ауылы да алыс емес.

Бурабайдың жер атауларында аңыз толғап, ақиқатты желбіреткен баба тарихының бір парасы осындай. Иә, Көкшетаудың ұмытпайық иесін, Бурабайдың қастерлейік киесін!

*Қорғанбек Аманжол,
«Егемен Қазақстан» газеті
<https://egemen.kz/article/zher-toeresi-zhyr-erkesi>*

Қосымша әдебиеттер тізімі

1. Ақмола облысы: энциклопедия / бас ред. Б. Ө. Жақып. – Алматы, 2009.
2. Ақмола: энциклопедия. – Алматы: Атамұра, 1995.
3. Астана: энциклопедия. – Алматы, 2008.
4. Ахетов А. Дерево жизни. – Алматы: «Умай» баспасы, 2007.
5. Жүнісов С. Ақан сері. – Алматы: Жазушы, 2011.
6. Көркіңнен айналайын, Көкшетауым! Альбом. – Алматы, 1998.
7. Менің Отаным – Қазақстан: әдеби-көркем басылым. – Алматы, 2015.
8. Мырзахметов Е. Көгалдайдың көкшақпағы: повестер, әңгімелер. – Алматы: Жалын, 1987.
9. Салыков К. Добрые дни. – Москва: Советский писатель, 1981.
10. Таңғажайып өлке – Бурабай. – Алматы, 2009.
11. Тарихи тұлғалар. Танымдық-көпшілік басылым. Мектеп жасындағы оқушылар мен көпшілікке арналған. Құрастырушы: Б. Тоғысбаев, А. Сужикова. – Алматы, 2009.
12. Терешук В. Рассказы о Кокчетаве. – Кокчетав, 1992.
13. <http://anatili.kazgazeta.kz>
14. <http://apgazeta.kz>
15. <http://arka-azhary.kz>
16. <https://egemen.kz>